



Өркениеттер әлемі: АЛМАТЫ ДУБАЙҒА АЙНАЛА МА?

Орта Азия елдерін қандай тосын сыйлар мен сын-қатерлер күтіп тұр?

2

ТАҒЫМ



«ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫ» МОНУМЕНТІНЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫ ҚОЙЫЛДЫ

8

МЕДИЦИНА



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

денсаулық сақтау жүйесінің сапалы деңгейін қалыптастыра ала ма?

11

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

21.12.2023

Түнде:



-5-7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



0,+2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

22.12.2023

Түнде:



-5-7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+3+5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz



Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №152 (6445) 21 желтоқсан, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ШАҢАРДЫҢ БАС ШЫРШАСЫ

Алматы төріндегі Абай алаңында бой көтерді

Жаңа жыл қарсаңында Алматы жүздеген жарық декоративті конструкциялармен, ұзын-сонар жарқыраған гирляндармен, 60-тан астам жасанды шырша және жарық иллюминациялармен безендірілді. Ал Абай алаңында биіктігі 20 метр болатын бас шыршаның шамдарын жағу рәсімі өтті.



Суреткері түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Досбол
АТАЖАН

Салтанатты іс-шараға Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев қатысты. Шам жағу рәсіміне қатысушыларға қазақстандық эстрада жұлдыздары – Роза Рымбаева, Мәдина Сәдуақасова, Әли Оқапов, Мәди Рымбаев, «Жігіттер», «Кешью», «Ринго», «Шамис» топтары өнер көрсетті.

Айта кеткен жөн, бас шыршадан бөлек, жаңажылдық шыршалар әр ауданның негізгі алаңдарында орнатылған: Алмалы ауданында – «Астана» алаңы, яғни Абай атындағы ҚазҰТЗУ алдындағы алаңда, Алатау ауданында – «Алматы Арена» мұз айдыны алдындағы алаңда, Әуезов ауданында – Н.Сац атындағы жасөспірімдер

театры алдындағы алаңда, Бостандық ауданында – Тұңғыш Президент атындағы саябақта, Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында, Жетісу ауданында – Серіков көшесі, 2 А мекенжайында, Медеу ауданында – «Халық арена» МС алдындағы алаңда, «Медеу» биік таулы спорт кешенінде, Түркісіб ауданында – Сейфуллин даңғылы бойындағы №6 оқушылар үйінде, Наурызбай ауданында – «Шұғыла» ш/а, 347 мекенжайында.

Сондай-ақ, қаланың қоғамдық кеңістігі, жаяу жүргіншілер көшелері: Панфилов, Жібек жолы, магистральдық көшелер: Сәтбаев көшесі, Төле би көшесі, Майлин көшесі, Назарбаев даңғылы, Әл-Фараби даңғылы, Абылай хан даңғылы және т.б. жарық композицияларының бірыңғай стилінде безендірілді.

Еске сала кетейік, жаңа жыл қарсаңында

31 желтоқсанда «Астана» алаңында қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт өткізу жоспарланған. Концерт соңы мерекелік отшашуға ұласады. Бұдан басқа, мегаполистің тұрғындары мен қонақтары үшін қаланың барлық аудандарын қамтитын жаңажылдық фестиваль ұйымдастырылады. Фестиваль бағдарламасында халықтық караоке, би флешмобы, байқаулар, спектакльдер, эстрада жұлдыздарының қатысуымен жанды музыка, хаскимен фотосессиялар, шеберлік сыныптары мен көрмелер, қалалық мейрамханалар және кафелердің гастро-корнерлері (21–31 желтоқсан аралығында Абай және «Астана» алаңдары сағат 16.00-ден 21.00-ге дейін, 27–31 желтоқсан аралығында әр ауданның негізгі алаңдарында сағат 16.00-ден 21.00-ге дейін) болады және 25 желтоқсанда Аяз Аталар шеруі өтеді.



Өркениеттер әлемі:

АЛМАТЫ ДУБАЙҒА АЙНАЛА МА?

Орта Азия елдерін қандай тосын сыйлар мен сын-қатерлер күтіп тұр?

Қазір біз өмір сүріп жатқан дәуір өркениеттің бетбұрыс нүктесі сынды. Себебі, өркениет болашағына қатысты үлкен сұрақтарға тап келдік. Айталық, климат өзгерісі және энергияға деген сұраныстың артуы. Бір-біріне кереғар осы жаһандық мәселені қалай шешсек, болашақ адамзат тағдыры да солай қалыптаспақ. Адамзат ауылы ұлғайған сайын энергияға деген сұраныс та артты. Халық саны көбейген сайын азық-түліктерден тартып табиғат құшағынан алатын ресурстардың мөлшері де еселенді. Міне, сол еселене қазылып, артығымен алынып жатқан ресурстар табиғи экологиялық жүйенің теңгерімін теңселтіп, өркениет тағдырына қауіп болып қайта оралуда. Бүкіл ғаламның ертеңіне саятын бұл мәселе ешқашан бірер мемлекеттің ғана мәселесі емес. Ендігі жерде жасыл экономика, қайта туындаушы энергия көздері, жасыл энергия деген сөздердің жиі айтыла бастауы да әне содан.

ӘЛЕМНІҢ ЖАҢА БЕТАЛЫСЫ

Әлемнің ортақ мәселесі ішінде бізді де өз еліміз бен оны қамтыған Орта Азияның болашақ тағдырына қатысты сұрақтар мазалайды. Күллі әлем ресурстар үшін күреске түсіп, жаһанның жер түкпірінен соғыс дүмпулері естіліп тұр. Мұндай шақта табиғи ресурстарға бай Кіндік Азия өзінің болашағын қалай елестетсе болады? Әлемнің беталысы, аяқ алысы қалай? Орта Азия елдерін болашақ бәсекелі дәуірде қандай тосын сыйлар мен сын-қатерлер күтіп тұр? Өңгіме ауаны осы сауалдар төңірегінде болмақ.

Көзіқарақты оқырманның есінде, жақында ғана Дубайда COP28 климаттық саммиті өтті. Онда әлем елдері Парижде өткен тарихи саммиттен кейінгі ең маңызды құжаттарға қол қойды. Яғни 2030 жылға қарай жаңартылатын энергияны пайдалануды үш есеге, энергия тиімділігін екі есе арттыру бойынша келісімдер жасалды. Бұған қоса, «Таза әрі салауатты экономикаға көшуі жеделдетуге» бағытталған келісімдер де ортаға салынды. Бір жағынан бұндай келісімдерге қол қоюдың өзі кісі қуантарлық іс. Себебі, әлем тағдыры сынға түсіп тұрған шақта адамзат баласының мәдени, діни алшақтыққа қарамай, ортақ мәселеге жұмыла алатынын көрсеткендей.



Бұған дейін де айтып келеміз, енді он-жылдықтар тұтас әлемнің даму бағыты «ЖА-СЫЛ ЭКОНОМИКА» ұранымен бірге жүрмек. Түсіндіре айтқанда, қайсы мемлекет қоршаған ортаға зияны барынша аз экономикалық бағдарламаларды жүзеге асырады соның халықаралық аренадағы асығы алшысынан түспек. Сауда келісімдердегі жеңілдіктер, импорттық-экспорттық тарифтердің кедергісін азайту сынды жеңілдіктерге ие болады. Тіпті, асыра айтқандық емес, алдағы уақытта климаттық өзгеріске қатысты тақырыптар халықаралық қарым-қатынастарда демократия сөзінен де маңызды бола түсуі бек мүмкін.

ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ
ҚЫМБАТТАЙДЫ

Қазірге дейін әлем экономикасында мұнайдың аса маңызды болып келгені шын. Мұнай бағасының өрлеуі мен құлдырауы Қазақстан сынды шикізаттық елдердің ішкі әлеуметтік әлеуетіне де тікелей әсер етуші фактор болып келді. Ол ғана емес, алып қаржы орталықтарындағы тұрақтылықтың өзі мұнай бағасына тәуелді болған кездері көп. Бірақ енді олай болмайды. Дүние арбасының дөңгелегі басқа бағытта айналууда. Енді жаңа энергия көздері, қайта туындаушы немесе жасыл энергия көздері жаһандық экономикалық атмосфераны қалыптастырады.

Дегенмен, мәселе мынада, әлем энергия ауысымын мақсат еткенімен, оны жалаң ұрандар жүзеге асыра алмайды. Ол үшін мұнай және табиғи газ, көмір секілді қазір

энергия алып отырған ресурстардың баламасы табылуы керек. Және сол балама көздері қоршаған ортаға қалдықсыз, зиянсыз болуы керек. Міне, осы кезде сирек кездесетін элементтердің (кейде сирек жер қазбалары немесе элементтері деп те аталады) маңызы айқындала түседі. Бұл сирек қазба металдар электр қозғалтқыштағы көліктерден тартып, робототехникаға, дрондар мен IT технологияларға және озық есептеуші жүйелерге дейін ауадай қажет. Дамып келе жатқан бұл саланың бәрі дерлік сирек жер элементтерін қажет етеді.

Бір сөзбен айтқанда, болашақ онжылдықтарда жаһандық экономика мен адам өмірі үшін сирек металдардан маңызды ештеңе болмауы мүмкін.

ОРТА АЗИЯНЫҢ ТАБИҒИ
МҮМКІНДІГІ

Болашақтың бұл сұранысын қамтамасыз етуде Орта Азия елдерінің табиғи мүмкіндігі көп. Қазақстанды қамтыған аймақта сирек жер металдары мол қорының бар екені белгілі. Бұл осы аймақтағы Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Моңғолия және Ауғанстан сынды елдерге қазіргі араб әлемінің мүмкіндігін сыйлары анық. Араб түбегі, Ефрат пен Тигр арасы мұнай арқылы қалай елеулі болған болса, жаңа энергия көздерін өндіруші Кіндік Азия тап сондай елеулі бола түседі. Бұл толассыз инвестиция мен қисапсыз қаржы ағынын аймаққа ала келеді деген сөз. Өркениеттің жаңа сұранысы тудырған

мүмкіндік Қазақстанды, ондағы Алматы сынды мүмкіндігі мол шаһарларды болашақтың Дубайына айналдырып жіберуі әбден мүмкін.

Дегенмен, қос жүзді қанжар іспетті, бұл үрдістің де тартымды және қауіпті жақтары көп. Байлық пен мүдде қашанда геосаяси тартыстарды қоса ілестіріп жүрмек. Қазіргі Орта Шығыс секілді біздің аймақ та көптеген державалардың назарында тұр және тіпті бәсекелестік алаңына айналуы да мүмкін. Яғни аймақ қызу саяси қысымдарға тап болады. Бұл кездерде аймақ елдерінің сыртқы күштер теңгерімін ұстап тұруы тіпті де қиындай түседі. Аймаққа іргелес жатқан Ресей және Қытай сынды ойыншылар бұл тұста өзге әріптестерінен гөрі аймаққа ықпалды бола түсуі мүмкін. Сондықтан да Батыс елдерінің, ЕО және АҚШ-тың қазірден бастап аймақ елдерімен әріптестікті нығайтып жатуы өзінше түсінікті. Мейлі қалай десек те, осындай үлкен бұрылыс кезеңінде еліміз алдағы күтулі сын-қатер мен жаңа орайларды алдын ала байыптап отыруы аса маңызды міндет.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

Әзербайжандағы Президент сайлауы – 2024:

ИЛЬХАМ ӘЛИЕВТІҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ

Әзербайжан Президенті Ильхам Алиев кезектен тыс президент сайлауын өткізу туралы өкімге қол қойды. Сайлау 2024 жылдың 7 ақпанында өтпек. Бұл тәуелсіз ел тарихындағы тоғызыншы президент сайлауы. Дәл қазір үміткерлер тіркеліп жатыр. Қазіргі Президент Ильхам Алиев те үміткер ретінде тіркелді. Оның жеңіске жету мүмкіндігі жоғары. Оған Таулы Қарабақ факторы әсер етпек.

ЗАҢНАМАҒА ШОЛУ

Әзербайжан Президенті Ильхам Алиев конституциялық өкілеттігін пайдаланып кезектен тыс президент сайлауын өткізуге шешім қабылдады. Қол қойған өкімінде кезектен тыс сайлау өткізу туралы шешімді ел Конституциясының 101-бап, 1-тармағына және Сайлау кодексінің 179-бабына сүйене отырып қабылдады. Демек, президент сайлауын өткізу, оның тәртібі Конституция мен Сайлау кодексіне негізделмек.

Әзербайжанның Конституциясы бүкілхалықтық референдум арқылы 1995 жылы 12 қарашада қабылданды. 27 қарашада заңды күшіне енді. Ата Заңға өзгерістер 2002, 2009 және 2016 жылдары енгізілді. Барлық өзгерістер бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған.

Барлық конституциялық референдумдарда ең негізгі өзгерістер мен толықтырулар президентті сайлау, оның өкілеттігі мен мерзімі мәселелерін қамтыған. Мысалы, 2002 жылғы конституциялық референдумда бюллетеньдерде 8 сұрақ болған. Оның ішінде 5-сұрақта президентті сайлау тәртібі мәселесі көтерілген. Оған дейін президент сайлауға қатысқандардың үштен екі бөлік дауысын алса жеңіске жететін. Ал референдумда

мажоритарлы сайлауды енгізу қабылданды. Яғни сол кезден бастап 50+1% қағидасымен дауыс алса президент болады. 6-сұрақта президент өкілеттігіне қатысты мәселе көтерілген. Референдумға дейін президент өкілеттігін тоқтатса, әлде тоқтатылса оның орнына уақытша парламент төрағасы міндетін атқаратын. Референдумда оның орнын премьер-министр атқарады деп ұсыныс жасалды. Халықтың басым көпшілігі өзгерістерді қолдап дауыс берді.

2009 жылғы конституциялық референдумда ешкім президент лауазымын екі реттен артық атқара алмайды деген өзгеріс қабылданды. Сондай-ақ, әскери уақытта президент соғыс әрекеттері аяқталғанша өз қызметін атқара береді деген өзгеріс те енгізілді.

ПРЕЗИДЕНТ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҮСТЕМДІГІ

Ең күрделі өзгерістер 2016 жылғы конституциялық референдумда қабылданды. Референдум нәтижесі:

- Президенттің өкілеттіктері 5 жылдан 7 жылға ұзартылды;
- Конституциядан 35 жасан кіші азаматтар президент бола алмайды деген бап алынды;

- Бірінші вице-президент және вице-президенттер қызметтері енгізілді;
- Президент мерзімінен бұрын қызметін тоқтатса оның өкілеттіктері премьер-министрге емес, бірінші вице-президентке өтеді;
- Президент Ұлттық Мәжілісті тарату және кезектен тыс президент сайлауын өткізу құқығына ие болды;
- Азаматтар Парламентке 25 жасан емес, 18 жасан бастап сайлану құқығына ие болды.

2002 жылдан бері өткен Ата заңға енгізілген өзгерістер президент институтының өзге билік тармақтарына қарағанда ықпалын көбейтті. Ал оның үстемдігі 2016 жылы толық орнады. Қазір мемлекет толықтай саяси-құқықтық тұрғыдан президенттік басқару нысанындағы елге айналды.

2002 жылы президент қызметін мерзімінен бұрын аяқтаса, оның өкілеттігі премьер-министрге өтетін. Ал 2016 жылғы реформада бірінші вице-президентке өтеді деген өзгеріс енгізілді. Соңғы реформада бірінші вице-президенттен бөлек вице-президенттер лауазымдары енгізілді. Оларды президент тағайындайды. 2017 жылы бірінші вице-президент лауазымына Мехрибан Алиеваның тағайындалуы бұл өзгерістерде не үшін енгізілді деген сұраққа жауап берген сынайлы.

КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУ
ӨТКІЗУДІҢ САЯСИ АСТАРЫ

Сайлауға уақыт бар болса да қазіргі президенттің жеңіске жету мүмкіндігі жоғары

деп айта аламыз. Себебі, Таулы Қарабақ үшін соғыс оның халық алдындағы рейтингін көтеріп, саяси ұпай әкелді. Сөйтіп, ол тарихи өз жерін еліне қайтарды.

2009 жылы референдумда президент соғыс уақытында қақтығыс біткенше өз қызметін атқара береді деген өзгерісті Конституцияға енгізгенін жоғарыда атап өтіп едік. Бірақ Таулы Қарабаққа қатысты соғыс аяқталды. Дәл қазір оның халық алдындағы беделі жоғары. Ел жеңіске жетті. Енді ары қарай сайлау уақытын созуға себеп жоқ. Себебі, уақыт өткен сайын президенттің беделі түсуі мүмкін. Оның рейтингін жоғары ұстап тұратын сыртқы жау жоқ. Қазақы айтқанда, қазіргі президент темірді қызған шағында басуға әрекет етуде.

Оның үстіне Абай Құнанбайұлы жазғандай, адамда жалығу сезімі болады. Бұл, әсіресе, демократиялық режимдерге тән құбылыс. Ильхам Алиев биыл қатарынан бесінші рет сайлауға түспекші. Осы факторды да ескерген жөн. Сайлау өткізіп, жаңа уәделер беріп халықтың қоғамдық пікірін бір сілкіп алу қажет. Сарапшылардың пікірінше, қазіргі президенттің жеңіске жету мүмкіндігі жоғары.

(Дереккөз: «aa.com.tr»).

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



АҚПАРАТТЫҚ ТҮР

АЛМАТЫНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ
шетелдік туристік компанияларға таныстырылды

Алматының халықаралық нарықтағы туристік әлеуетін дамыту шеңберінде Алматы қаласының Туризм басқармасы Қытай, Малайзия, Катар, Оман, Үндістан және БАӘ-ден келген туристік компаниялардың 40-тан астам өкілі үшін 5 күндік ақпараттық тур ұйымдастырды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бағдарлама аясында шетелдік қонақтар Алматы және Алматы агломерациясының негізгі туристік нысандарына, оның ішінде «Шымбұлақ» тау курортына, «Ой-Қарагай» барлық маусымдық отбасылық тау курортына, Шарын шатқалына және басқа да маңызды орындарға барды. Бұл оларға Алматының ерекшелігін жеке бағалауға және мегаполисті тартымды туристік бағыт ретінде ілгерілету үшін әлемдік аудиториямен өз әсерлерімен бөлісуге мүмкіндік берді.

«Біз білетіндей, Алматы – Қазақстан үшін негізгі туристік орталық. Әрбір екінші шетелдік турист еліміздің бірегей пейзажы мен тарихы бар Алматымен таныса бастайды. Біздің федерация ҚХР Бас жаңалықтар бюросымен бірлесіп, Алматы қаласын-




дағы ҚХР Бас Консулдығының қолдауымен туризмді дамыту бағытында ынтымақтастық жұмыс істейді. Осыған байланысты Қазақстан бағытында туризмді дамытуға қатысты бірқатар бағдарламалар шығарылатын болады, – деді ұйымдастырушылар.

Тур соңында 20-дан астам қазақстандық туроператорлардың қатысуымен B2B-конфе-

ренция өтті. Кездесу қорытындысы бойынша 4000-нан астам туристерді әкелуді көздейтін ынтымақтастық туралы 14 жаңа келісімге қол қойылды. Осы бағыттағы жұмыс жалғасатын болады. Сарапшылардың болжамы бойынша, 2024 жылы Алматы қаласында шетелдік туристер саны 520 мың адамға жетеді деп күтілуде.

ЖОБА



Өңірлік коммуникациялар қызметінде ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Әйгерім Әбілованың қатысуымен брифинг өтті.

МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕКТЕБІ

жас таланттарды мемлекеттік қызметке тартуға бағытталған

2023 жылдың қараша айында Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаментімен бірлесіп жас таланттарды мемлекеттік қызметке тартуға бағытталған. «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» атты кезекті жоба іске қосылды. Аталмыш жоба келесі жылдың мамыр айына дейін жүзеге асырылады.

– Жоба аясында 2024 жылдың қаңтарында студенттер филиал базасында бір апталық оқытудан өтеді. Онда жас тұлғалар жобалық басқарудың негіздері және жобаны әзірлеу, оны қорғау, тиімді коммуникациялар, практикалық аналитика және т.б. дағдыларын меңгеріп, мемлекеттік қызметтегі практикалық кейстерді талдайды деп жоспарлануда, – деді Ә.Әбілова.

Құжаттарды қабылдау жыл сайын тамыз-қыркүйек айларында жүргізіледі. Оқудың өзі қазан айында басталады. Биыл жоба қараша айында басталды. Айта кеткен жөн, жобаға Нархоз, Тұран, АТУ, ҚазҰУ-нің «Мемлекеттік басқару» мамандығының соңғы курс студенттері қатыса алады.

Академияның негізгі қызметі мемлекеттік қызметте кадрлар даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға бағытталған.

Биыл мемлекеттік қызметшілерді даярлауға қатысты заңнамалық актілерге бірқатар маңызды өзгерістер енгізілді. Мысалы, академияда мемлекеттік тапсырыс бойынша В+ (GRA 3,33) деңгейінен төмен емес оқу нәтижесімен оқуын аяқтағандар одан кейін бір жыл ішінде жергілікті атқарушы органдарда, мәслихаттар аппараттарында, ревизиялық комиссияларда, орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінде (Астана мен оның аудандарындағы жергілікті атқарушы органдардан, мәслихат аппаратынан, ревизиялық комиссиялардан, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінен басқа) «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналаса алады.

Одан өзге, жоғары оқу орындарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бұрын білім алған мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша академияның магистратурасына немесе докторантурасына қайта оқуға түсе алады.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

АНТИКОР

ЖОЛ БЕЛГІСІ
ЗАҢСЫЗ ҚОЙЫЛҒАН
Алматыда 1600-ден астам кәсіпкердің
құқығы қорғалды

Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі «Бизнеске жол» жобасын іске асыру шеңберінде 99 кездесу өткізді, 1600-ден астам кәсіпкердің құқығы қорғалып, 38 кейс шешілді.

Кәсіпкерлік қызметке араласқаны үшін 3 лауазымды тұлға ӘҚБтК-нің 173-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 7 факт бойынша ӘҚБтК-нің 465-бабы бойынша рұқсат беру тәртібі мен мерзімін бұзғаны үшін 4 адам жауапқа тартылды.

Қалалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомство атап өткендей, кәсіпкерлер ЖАО, Мемлекеттік кірістер басқармасы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы және басқа да ұйымдардың қызметкерлері тарапынан олардың құқығын бұзу фактісі бойынша жиі жүгінеді. Мысалы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы департаментіне кәсіпкер кәсіпкерлер кеңсесіне қарама-қарсы «Тұраққа тыйым салынған» жол белгісін заңсыз орнату фактісі бойынша жүгінді.

Ресми тіркеусіз орнатылған жол белгісі белгіленген тәртіпті бұзып, ЖШС қызметкерлері мен клиенттеріне тұрақ қою мүмкіндігін шектеді, осылайша кәсіпкерлік қызметке кедергі келтірді. Осы бұзушылық анықталғаннан кейін қалалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомство Алматы қаласы полиция департаментінің атына хат жолдап, нәтижесінде заңсыз орнатылған жол белгісі алынып тасталды.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ОРТАЛЫҚ

«АЛАТАУ КРЕАТИВ ХАБ»
Бір жылдық үйірме жұмыстары
қорытындыланды

Жас жеткіншектерге түрлі үйірмелерді тегін ұйымдастырып келе жатқан «Алатау Креатив Хаб» өзінің бір жылдық жұмысын қорытындылады. Үйірме шәкірттері Тәуелсіздік күніне дайындаған концерттік іс-шарасын «Тәуелсіздік – теңдігім» деп атаған.

Естай
БОЖАН

18 желтоқсан күні Алатау ауданындағы креативті орталықта өткен шараға түрлі үйірмелердің шәкірттері, тәлімгерлер мен ата-аналар қатысты. Көркемөнер үйірмелерінің жас жеткіншектері концерттік нөмірлерін қойды.

«Креативті орталықтың үйірме жұмыстары 2023 жылға арналған жоспарын табысты аяқтап жатыр. Тек жасында ғана ашылған француз тілі және үлкен сұранысқа ие математика пәні бойынша үйірмелер жұмысын жалғастыра бермек. Бүгінгі шарамыз жыл бойы өткізген үйірме жұмыстарының қорытынды есеп беруі десек те болады. Тәлім алған шәкірттеріміз өздерінің өнерлерін көрсетіп, ата-аналары мен тәлімгерлерін қуантып жатыр», – дейді «Алатау Креатив Хаб» үйірме жұмыста-

рының жетекшісі Әбілхайыр Тілеужан.

«Алатау Креатив Хаб» қалалық және аудандық әкімдіктің қолдауымен биыл жыл бойы түрлі мазмұнда үйірмелер ұйымдастырып келді. Алатау ауданындағы жүздеген жас жеткіншек тегін қатыса алды.

Аталған орталықта домбыра, жетіген, касса терапиясы, би, эстрадалық вокал сабақтарына қоса, СММ, робототехника, физика, актерлік шеберлік үйірмелері де жұмыс істеп келген болатын. Бұдан тыс оқушыларды пайдалы кітап оқуға баулытын «Кітапқұмар» жобасы, сондай-ақ, қаржылық сауаттылық үйірмесі, ағылшын, француз және түрік тілі үйірмелері де ұйымдастырылған.

Креативті орталық өкілінің мәліметінше, үйірмелердің арасында робототехника, физика және шет тілдеріне 30–40 баладан, ең аз дегенде 7–8 баладан қатысып келген.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

«TURAQTY JOL»

қоғамдық маңызы бар
экоауқан

«TURAQTY JOL» Ұлттық Әлеуметтік Экоауқаны аясында «ESG арқылы бизнеске инвестиция тарту: тұрақтылық, даму және өркендеу» атты «Дөңгелек үстел» өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бұл жобаның басты мақсаты – экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Бизнес-қауымдастық, халықаралық ұйым, үкіметтік емес сектор, академиялық топтар өкілдері мен жаңадан бастаған және тәжірибелі кәсіпкерлер ESG компоненттерін коммерциялық қызметке енгізу бойынша тәжірибе алмасты. Іс-шара барысында шағын және орта бизнесті ұсынатын сарапшылар мен кәсіпкерлер де өз компанияларының бизнес-процестеріне ESG компоненттерін интеграциялаудың сәтті жұмыстарын атап өтті. Тұрақты бизнес саласында стратегияларды қалыптастыру және құнды тәжірибе алмасу үшін негізгі мүмкіндіктерге жол ашып, Қазақстанда тұрақты кәсіпкерлік ортаны дамытуға ықпал етті.

Бұл іс-шара Алматы қаласы әкімдігінің, Алматыдағы ЮНЕСКО Өңірлік кеңсесінің, ЮНЕСКО және ИСЕКСО істері жөніндегі ҚР Ұлттық комиссиясының, «Saiko Group», «Caspian Group» және «Құмкөл Транс Сервис» компанияларының қолдауымен, Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО клубтарының федерациясы және Алматы қаласы бойынша Іскер Әйелдер қауымдастығымен бірлесіп ұйымдастырылуда.

Қазақстан Ұлттық клубтар федерациясының коммуникациялар және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі вице-президенті Сабина Ақжарованың айтуынша, «Turaqty Jol» бағдарламасы, ең алдымен экологиялық құндылықтарды сіңіру арқылы туған өлкеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған.

«Менің ойымша, бұл жоба дәл уақытында іске асты. Тұрақты даму тақырыбына енді ғана қызығушылық таныта бастаған жастарды қамтиды. ESG-трансформация жағдайында экономиканы дамытудың басты факторларының бірі – білікті кадрлар. Сондықтан жас қазақстандықтармен жұмыс – Turaqty Jol бастамасының негізгі бағыты. Бұл бағдарлама жобаның бұрын іске асырылған үш циклінің жалғасы болып есептеледі», – деді «ЦентрКредит Банкінің» басқарушы директоры Клара Эрмакбаева.

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының сыртқы экономикалық қызмет бөлімінің басшысы Ерасыл Болаттың айтуынша, ESG қағидаттары Қазақстан үшін маңызды.

«ESG қағидаттары әлемде жаңа трендке айналды. Әлем халқы экологияның жай-күйі нашарлап бара жатқанын түсіне бастады. Яғни ESG қағидаттары бойынша бизнес-модельдердің трансформациясы табиғат, экология және адамзат игілігіне жұмсалады», – деді ол.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР!

Мамандар қауіпсіздік ережелерін түсіндірді

Айнабай
МӘДИ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің, орталық қалалық клиникалық аурухананың мамандары қала тұрғындары мен қонақтарына пиротехникалық бұйымдарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережесін түсіндіріп, сақтық шарасын еске салып, қажетті кеңестерін берді.

Брифингке қатысқан Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Данияр Жүсіпов, Алматы қаласы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бас маманы Дарын Мұқанов, Орталық қалалық

клиникалық аурухананың травматологы Осман Қадыров, ТЖД құтқарушылары алматылықтарға мерекелік күндер қарсаңында пиротехникалық бұйымдарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шараларын еске салды.

Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Данияр Жүсіповтің айтуынша, қалада жыл сайын жаңажылдық мереке күндері орта есеппен алғанда, оншақты өрт оқиғасы орын алады екен. Бұл ретте өрт оқиғасының 20 пайыздайы пиротехникалық бұйымдарды дұрыс пайдаланбау салдарынан болады. Мәселен, соңғы 5 жылда 67 өрт оқиғасы орын алса, соның 9-ы пиротехника салдарынан болған.

«Бірлескен рейдтік іс-шаралардың нәтижесінде полиция қызметкерлері сертификатталмаған контрафактілік пиротехникалық өнімдерді анықтаған жағдайда әкімшілік шаралар, сонымен қатар кейіннен өнімдерді тәркілеумен процессуалдық шешім қабылдауға бағытталған іс-әрекеттер қолданады», — деп атап өтті спикер.

Құтқарушылар пиротехникалық бұйым-

дарды тек мамандандырылған дүкендерден сатып алу керектігін еске салды. Бұл ретте бұйым қаптамасының мыжылмаған немесе деформацияланбағанына, сондай-ақ жарамдылық мерзіміне назар аудару қажеттігін ескертті. Пиротехникалық құралдарды құрғақ орында, жылу көздерінен алыс жерде сақтау керек.

Пиротехникалық заттарды пайдалану кезінде қауіпсіздік нұсқауларын орындау маңызды, атап айтқанда:

- балалардың өз бетімен ракета мен птарданы қосуына жол бермеңіз;
- қауіпті аймақ (50 метр) радиусында пиротехниканы қосуға кедергі болатын ештеңе жоғына көз жеткізіңіз;
- пиротехниканы тұтату кезінде ешқашан қораптың үстіне еңкеймеңіз;
- пиротехниканы егер ол іске қосылмаған болса, қайта қосуға тырыспаңыз;
- ракета мен фейерверкті адамдар мен жануарларға қаратпаңыз, хлопушкаларды аяқ астына тастамаңыз;
- үй-жайларда пиротехникалық бұйымды пайдалануға қатаң тыйым салынады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Осман КАДЫРОВ,
Орталық қалалық клиникалық аурухананың
травматологы:

ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙ БОЛСА...

Кез келген пиротехникалық бұйымның өрт шығу немесе жарақат алу қаупі бар. Пиротехникалық бұйымдарды қолдану кезінде жарақат алған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсетілуі керек. Жазатайым оқиға орын алғанда, дәрігер келгенге дейін келесі әрекеттерді орындау керек:

- көзге бөгде бөлшек түссе (егер оқиға үйде болса), көздің шырышты қабығын бөлме температурасындағы қайнаған сумен көп мөлшерде шайып, көзге таңғыш қою керек;
- егер жазатайым оқиға далада орын алса, қолда бар құралды (орамал, шүберек) қолданып, көзге тағу жеткілікті. Олар болмаса, қалпақты көзіңізге тартуға немесе қолмен жабуға болады.

Теріге жарылыс бөлшектерінің түсуімен термиялық күйік болған жағдайда:

— егер жазатайым оқиға үйде болса, теріні ағынды сумен шаю және құрғақ асептикалық таңғышты қолдану қажет. Егер жазатайым оқиға далада орын алса, қолда бар материалдарды пайдаланып тану керек (таза орамал не шүберек);

— майлы таңғыштарды қолдану, теріні арақпен, одеколонмен, ұнтақтар себу және мақта қолдану ұсынылмайды;

— жақын жердегі травматология орталығына жүгініп, көмек сұраңыз.

Тері зақымдануы орын алған жағдайда (егер оқиға үйде болған болса) онда асептикалық таңғышты қолдану қажет. Жазатайым оқиға көшеде орын алса, қолда бар материалдарды (таза орамал, таза шүберек) пайдаланып таңғыш қою керек. Пиротехникалық бұйымдардан жарақат алған жағдайда қажет алғашқы көмектің бірі — осы.

Қан кетумен жүретін ашық жара болса, таңғыш таңып, жедел жәрдем шақыру керек. Алматы қаласында №4 ҚКА, №7 ҚКА, ҚЖШҚКА, ОҚКА, БЖМЖО және №2 БҚКА көпсалалы стационарларында травматологиялық пункттердің тәулік бойы жұмыс істейтінін еске салғым келеді.

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ

«СЫЙЛЫҚҚА ТӘТТІ КӘДЕСЫЙ»

Алматы халықаралық әуежайы шетелдік қонақтарды сыйлықпен қарсы алды



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Алматы қаласының Туризм басқармасы ҚР ҰҚК Шекара қызметі жанындағы шекаралық бақылау басқармасымен және Алматы халықаралық әуежайымен бірлесіп «Сыйлыққа тәтті кәдесый» акциясын өткізді.

Ернұр
РЫСБАЙ

Халықаралық жолаушылар терминалындағы паспорттық бақылау аймағында шетелдік қонақтарға Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін бейнелейтін қазақстандық шоколад ұсынылды. Тәтті сыйлықпен бірге қонақтарға жергілікті колөнерші бояған киіз үй түріндегі ескерткіш төсбелгілер сыйға берілді.

Осылайша туристерді «табалдырықтан» бастап ел үшін қандай ерекше күні келгендерімен таныстырылды. Мұндай іс-шаралар қаланың беделін нығайтуға және Алматыны тартымды туристік дестинация ретінде ілгерілетуге бағытталған.

Айта кетейік, Алматы Қазақстанға келген әрбір екінші шетелдік туристі тартады. Сонымен қатар, 9 айдың қорытындысы бойынша мегаполистегі туристер саны 17,4%-ға өсіп, 1,5 миллион адамнан асты. Оның ішінде 400 мыңнан астамы шетелдік, 1104,6 мыңы ішкі туристер.

Ең көп турист Ресейден, Қытайдан, Үндістаннан, Түркиядан, АҚШ-тан, Оңтүстік Кореядан, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан, Германиядан келген.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Үй жануарлары тегін зарарсыздандырылады

Алматыда үй жануарларын тегін зарарсыздандыру және кастрация (кестіру) бағдарламасы жалғасуда.

Қаламызда қанғыбас жануарлардың санын тиянақты реттеудің 2021–2024 жылдарға арналған бағдарламасына орай, үй жануарларын тегін зарарсыздандыру мен кестіру жұмыстары жалғасын табуда. Бағдарлама шеңберінде 9 мыңға жуық ит пен мысықты қамту жоспарланып отыр. Бұл көрсетілетін қызмет Алматы қаласының мына ветеринариялық емханаларында қолжетімді:

1. «Барыс» ветеринариялық емханасы, мекенжайы: Райымбек даңғылы, 223 «Б», тел.: 8 707 123 49 00;
2. «DOG Premium» ветеринариялық емханасы, мекенжайы: Грибоедов көшесі, 105, тел.: 8 707 339 33 28, 8 (727) 339-33-28;
3. «DOG Premium» ветеринариялық емханасы, мекенжайы: Зимняя көшесі, 1 Б, тел.: 8 (727) 252-70-24, 354-33-23, 8 707 277 56 19;
4. «Банзай» ветеринариялық емханасы, мекенжайы: А.Сейдімбек көшесі, 26 А, тел.: 8 707 523 73 73.

Аталған бағдарлама аясында осы ветеринариялық емханалардағы қызметтер ағымдағы жылғы 31 желтоқсанға дейін көрсетіледі.

А.ҚЫДЫР.

ӨНДІРІС

Алматыда
Қытай көліктері
шығарылады

Алдағы екі жылда Алматыда Қытай көліктерінің өндірісі басталады. Бұл туралы Алматы қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының мамандары хабарлап отыр.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кемінде 220 мың автомобиль шығаратын автокластерді қалыптастыру аясында жобалық қуаты 170 мың автомобильге дейін екі жаңа автомобиль зауытын пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Жоба аясында қытайлық Changan, Chery, Naval брендтерінің мультибрендті зауыты (жылына 90 мың автомобиль) және Orbis Manufacturing зауыты (жылына 80 мың автокөлік) салынады. Басқарма мамандарының мәліметінше, Алматыда экономиканы дамыту үшін жыл сайынғы өсімі 10%-ды құрайтын инвестиция тарту жоспарланып отыр.

Ол 2024 жылы – 1,8 триллион теңге, 2025 жылы – 2,1 триллион теңге болмақ. Индустриалды аймақты 194 гектарға кеңейту 2025-2026 жылдары 230 миллиард теңгенің қосымша 7 ірі жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік береді. ШОБ жобаларының басым бағыттары 45 млрд теңгеден кем емес сомаға жыл сайын қолдау алады. Бұл шаралар Алматының экономикалық өсімін 2025 жылы 6,5 пайызға жеткізуге бағытталған.

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС

САУДА
ПАВИЛЬОНДАРЫ
БҰЗЫЛАДЫ

Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау басқармасының ақпараты бойынша, Достық даңғылы, 170/1 мекенжайы бойынша учаскедегі сауда нысандары заңсыз салынған. Осыған орай, ағымдағы жылдың 2 мамырында сауда павильондарын бұзу туралы сот шешімі шыққан болатын. Бүгінде сот шешімін орындау үшін дүңгіршектерді бөлшектеу жұмыстары басталды.

Аталмыш учаскеде орналасқан ғимаратты бұзу бойынша сот процестері де аяқталды. Бұған дейін басқарма меншік иесіне қатысты 2022 жылғы 28 қазанда Медеу аудандық сотына бұзу туралы талап-арыз берген болатын.

Ағымдағы жылдың 9 маусымында сот шешімімен бұзу талабы қанағаттандырылды. 2023 жылғы 29 тамызда Алматы қалалық сотының қаулысымен Медеу аудандық сотының шешімі өзгеріссіз қалды. Қазіргі таңда атқару парағы Әділет департаментінің иелігінде.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



СҰХБАТ

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

бәрінен биік тұруы тиіс

Дана халқымыз өзінің арғы-бергі кезеңін бағамдап отырған. Заманға сай іс қылған. Ел арасында «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» деген тәмсіл қалдырған. Осы сөз дәп бүгінгі алмағайып шаққа тура келіп тұрғандай. Елімізде Әділетті Қазақстан қағидаты жүзеге асып жатыр. Осы идея төңірегінде әлеумет пен әлеуеттің жай-күйі бағамдалары анық. Елде жаңа бастамалар жасалғаны қуантады. Тәуелсіздік күніне орай қоғам қайраткері, тіл жанашыры Асылы ОСМАНМЕН сұхбаттасқан едік.

Қазақ мемлекеттілігінің тірегі – қазақ тілі

– Мемлекеттік тілді қажеттілікке қашан айналдырамыз?

– Бұны шешудің жолы бар. Дабыра қылмай, берекелі іс қылайық. Ең әуелі Мемлекеттік тілді қажеттілікке айналдыру қажет. Тіл туралы заң қабылдайық. Құқық қорғау орындары, соттардың міндетті түрде мемлекеттік тілді білуі туралы заңнамалық норма енгізейік. Мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтаудың жүйесі мен тәртібін белгілеп, оның қажетті механизмдерін жасайық. Мемлекеттік тілді меңгеру деңгейіне қарай басшылыққа немесе қатардағы маман лауазымына тағайындауда олардың жалақы көлемін белгілеу тәртібін енгізейік. Мемлекеттік қызметке келетін адамның бәрі мемлекеттік тілді білуі шарт. Тіл білмеген адамнан бір нәрсе сұраудың өзі ұят. Тіл ортақ болмай, қоғам топтаспайды. Қашанғы жалтақтай береміз. Ұлтаралық тіл жасайтын уақыт жетті.

Егер тіл ұлттың жаны, рухының үні, ең құнды дүниесінің алтын қоймасы болатын болса, сол тілді жүйеге келтірейік те. Тілін білмегеннен кейін ұлттың жанын ұқпайсыз. Тілді білмегендер адам есебінде есептелер, бірақ сол мемлекеттің адал азаматы, перзенті, әділ қызметкері деп санауға болмайды. Өйткені, ол сөйлеп қатырмайды, ұқпайды. Бұл тілдің иесі де, киесі де – қазақ халқы. Қазақтың жан-дүниесін ұқпағандардан не үміт, не қайыр?! Неге тіл тағдыры, ел тағдыры дейміз? Қазақтың тілін Құдай зор етті, білмейтіндер қор етті. Бір нәрсені ұғындар, қазақ мемлекеттілігінің тірегі – қазақ тілі. Қазақтың ұлағатты сөздерін жазып қоядан қымсынбау қажет. Қайталап өтейін, ел де, жер де – қазаққа тиесілі.

Мемлекеттік қызметші мемлекеттік тілді білуі міндет

– Қазақ тілінде іс-қағаздарды жүргізуді қайтіп жолға қоямыз?

– Ойымды тереңнен толғайын. Айналайындар, қазақтың байтақ даласы қандай кең болса, тілі де сондай бай. Неге? Себебі, қазақ атпенен желіп жүріп кең даланы сақтап, ел мен ел араласты. Мен қазақты сүйемін, тілін құрметтеймін, сондықтан қазақ жұрты да маған мейірбан.

Біз қазақ тілінің жағдайына келгенде жан аямай қызмет қылуымыз қажет. Шен-шекпенге қызықпайық. Мысал үшін, мына орыс халқы өзінің мәдени орталығында орыс тілі үшін жанын салып іс қылады. Өзге этностарда өздерінің жайына келгенде солай етеді. Қазақстан Президенттігіне үміткер тұлға қазақ тілінен емтихан тапсырады. Біз сол ісімізге ғана мәзбіз. Ал неге соны барлық мемлекеттік қызметшілер тапсырып тұрмайды. Қазақтың тілін айқайлап айта бергеннен түк те шықпайды. Егер қажеттілік артып, қазақша білмейтіндер мемлекеттік құрылымда істеуге бүгін тыйым салынсыншы, бәрі судай сайрап шыға келеді.

Дәлірек:

- Қазақ тіліне талап болуы керек;
- Қазақтың тіліне сұраныс болуы тиіс;
- Тіл қажеттілікке айналуы шарт;
- Ұлтаралық қатынас тілі жасау қажет.

Балаң ең қиын қытай, хинди тілдерін үйренеді. Әй, неге өзінің анаңның ақ сүтімен келген тілді үйренбейді. Осы ғой, біздің жанымызға бататыны. Отыз жылдан бері сарнап айтып келеміз, бірақ әлі қазақшаны жарытып сөйлемейтіндер қатары көп. Өйткені, жалтақтық басым. Тек күн үшін күн көретіндер көбейді. Кеңес үкіметі тұсында

«орыс тілін білмесең, нан тауып жей алмайсың» дейтін-тұғын. Ондай дақпырттың дәурені өтті. Түбі қазақ тілі Қазақстанда салтанат құрады. Сол күнге жетейік! Бірақ қай уақытта қазақша сөйлеу мемлекеттік дәрежеде жүзеге асырылады екен, соны аңсаумен өтетін болдық қой.

Бүгінде «Қазақ елінде қазақша білмесең – күн көру мұң» деп шегелеп жазып қою шарт. Сол арқылы барлық құжат атаулыны тек қазақша толтыру керек. Газеттен оқыдым, қырғыздар мемлекеттік қызметкерлерге қырғыз тілін міндеттейтін заң қабылдапты. Ана тілін қолдау бойынша өзбегің де, қырғызың да алда тұр. Білесіз бе? Олар отбасында ұлттық тәрбиені тіл арқылы балашағасының бойына сіңіреді. Ал біздікілер қырғыз жыл бұрын құрып кеткен орысшадан айырылғымыз келмейді. Балаларымыз орыс мектебіне барады. Содан кейін өзгелерден не сұрайсың? Отаршылдық қай халыққа өтпеді дейсіз. Бәрі де отаршылдық езгіні көрді. Әлі де сол өткен шақтағы Компартияның отаршылдық идеологиясынан шыға алмай жүргендер жетеді.



Сурет: Adyrna.kz

Қазіргі баланы телефон тәрбиелеп жатыр. Ішіп-жейтін нәрсенің бәрін баладан аямайды. Десе де, өз ұлтыңның перзенті екендігін ұғындыра бермейді. Қанша қадағалағанмен тілді балаға сіңіретін, болашақ өмірге өз ана тілінде тәрбиелейтін, ол – отбасы. Барлық істің алғашқы қадамы жанұядан басталады.

Тіл комитеті ел басшысына тікелей бағынуы керек

– Мемлекеттік тілді қадағалайтын жоғары орган қажет пе?

– 1989 жылы Кеңес өкіметі өктемдігін жүргізіп тұрған шақтың өзінде «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Сол кездің өзінде жекедара Тіл комитеті болсын деп бастама көтерді. Тіпті, министрлік деңгейінде болса деп те ұсыныс жасалды. Сол уақытта Қазақстан Орталық Комитетінде идеология бойынша лауазымды басшы, қазақтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков басқарып тұрған еді. Ұлтқа тілімен, қанымен, жанымен қызмет қылған дара тұлға-тұғын. Сондай бірегей тұлғалардың бірлесуінің арқасында Тіл комитеті құрылды. Сол кезде Тіл комитеті Премьер-министрдің жанында болды. Сөйтіп, үкіметтік институт дәрежесіне көтерілді. Оған арнайы мекеме берді. Ресми басшысы, үш орынбасары сайланды. Осы күні Тіл комитетін біресе ҚХА, ендігіде министрлікке қосып әбігерге салудамыз.

Бір қағиданы шегелеп айтайын. Тіл комитетін Президентке тікелей бағындыру керек. Әйтпесе, бір министрлік немесе де-



партамент екіншісіне құлақ салмайды. Айтақан нұсқауларын елемейді. Ел басшысы Тіл комитетінің жұмысын қадағалап, жыл сайын қомақты бюджет беріп, мемлекеттік тіл саясаты жөніндегі үкіметтің жұмысына бақылау жүргізіп отыруы керек. Мониторинг жасап, халыққа есеп беріп отырса екен. Міне, сонда ғана қазақ тілінің көсегесі көгерді.

Тағы бір ұсынысымды айта өтейін. Мен қазақтың әр сөзін бойтұмар етемін. Әрбір

тәубе, тыныштық замандамыз. Алайда, айдың күннің аманында, бұндай басы артық ұйымның қажеті шамалы.

Сондай-ақ, БҰҰ мен ҚХА салыстырудың өзі ақымақшылық. Біріккен Ұлттар Ұйымының астындағылардың әрқайсысы жеке-жеке мемлекетті құрайды. Қазақ ата-бабалары білектің күшімен, найзаның ұшымен, ақыл-парасатты іске қосып қазақ сахарасын жаудан аман сақтап қалды. Осыған қарап әлгі екеуін салыстыруға бола ма? Өрине, болмайды. Бұрынғылар «үй ішінен үй тікпе» деген. Тегі, жай айтпаған шығар.

Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі функциясы – мемлекетшілдік мүдде болатын. О баста өзге этностар мемлекет құраушы ұлт – қазақпен араласып, бір-біріне етене жақын болсын деген мақсатта қойған болатын. Сол қызметін бүгінде атқара алмай отыр. Әркім өзінің жайын күйттеп кетті. Басында «Қазақтану» деген жобалары болды. Оған қыруар қаржы бөлінді. Ал нәтижесі оңбады. Мен басқа этностардан қазақты қайтіп танысындар деп сұраймын. Қазақ – қырғыз, өзбек, моңғолға, қытай һәм кәріске де ұқсайды. Ал ажыратып көріндер деймін ғой. Сонда біреуі жауап бере алмай, кібіржіктейді. Қарақтарым-ау, бір-ақ фактор бар емес пе? Жандарым-ау, тілмен анықтайсыз. Тілің арқылы сіз – қазақсыз. Бәрімізде жұмырбасты пендеміз. Ешкім ешкімнен кем емес. Бірақ қазақ тілін Ассамблея мүшелері жандандырып, дамытып, ұлтаралық дәреже көтеруге атсалысуы міндет. Қазақтың наны тәтті, тілі ащы болмауы керек. Қазақ топырағын басып жүрген әрбіріміз қазақ тілін біліп, ұлттық мүддесіне үлес қосып, әдет-ғұрпын, салт-санасын құрметтеуге тиіспіз.

Береке-бірлік мол болсын!

– Ұлт мүддесі үшін қашан қызмет қыламыз?

– Бұрын «қазақтың – қазақтан басқа досы жоқ» деп айтатын. Бұл жағынан хакім Абайдың айтқан өсиеттері жетерлік. Соны тыңдайтын құлақ болмай тұр ғой. Айтудай-ақ айтамыз, бірақ ұлттық мүддені ту етіп ұстамаймыз. Өңгіме – осыда! Мен де «тіл – қазақтың тірегі, тіл – жүрегі, қазақ тілі тұрғанда алтынның да құны жоқ» деймін.

Өзімше өлеңмен жеткізейін:

Танытқан қазағымның қазақтығын,

Танытқан қазағымның азаттығын.

Танытқан қазағымның ғажаптығын,

Айналым құдіретінен қазақ тілді.

Осындай ұлағатты сөздерді үлкен қалалар мен әрбір елдімекенге жазып қоюға болады ғой. Түріктің патриоттығында, ұлттық рух пен сезімінде шек жоқ. Іргедегі өзбегің де солай. Елдің ішінде қазақы рухты, әділ азаматтар толып жүр. Соларды көтерейік. Ұлттық мүддені алдыңға қатарға шығармай, іс өнбейді. Қай күні қазақ өзінің ғасырлар бойғы қалыптасқан өткеніне қарайды, соны бүгінгі қоғамдық санамен ұштастырады, сол кезде қоғам ұлт мүддесіне топтасады.

Әр ұлт өзінің табиғатын білу керек. Ата-бабамыздан келе жатқан қасиетімізден ажырамайық. Бірақ ілгері жүруді де ескерейік. Еуропаның гендерлік саясат деп жүргені өзінше. Түп қазығымызға мән берейік.

Қоғамда ер адамдардың рөлін көтерейік. Қазаққа «әкенің сесі балаға ес» дейді. Осы мақал-мәтелге мән беруге болады емес пе? Мінекей, әкенің рөлі қандай болған! Бұрынғылар «Әке көрген оқ жонар...» деген. Текке тәмсілдемеген. Балаға әке де, шеше де керек. Бәрібір тәрбие жағынан келгенде әкенің тәрбиесі күшті. Ал ана қанша дегенмен ана. Шешенің жүрегі нәзік, қатты айтып қатырмайды.

Айналайындар, тәрбиені ата-анаға, отбасына жүктеу керек. Баланың тәртіпсіз болғаны сенен деп, әке-шешенің көзіне шұқып көрсету қажет. Батыр Бауыржан Момышұлы «Тәртіпке бас иген құл болмайды» деп бекер айтпаған. Ел арасында «Ұлт тірегі ұрпақ, тәрбие тіні қыз» деген мақал бар. Ертеректе «құл-қызыңа әдеп үйрет, білім, тәрбие бер, сонда ғана өмір оған күлімдер» дейді екен. Әй, «неге» деген сөздің өзі философия. Зер салсаңыз, осыдан том-том кітап жазуға болады. «Қызға қырық үйден тыйым» дейтіні бетімен жөн-жосықсыз кетпесін деген қағида. Оны басқа үйге жібермеу дегені емес. Қазақтың әрбір сөзінде емес, әрбір әріпінде мағына жатыр.

Қазақ елінде ұлттық мүдде алдыңға орында тұрса екен. Өйткені, жаһандану заманында жұтылудан сақтайтын жалғыз жол, ол – қазақылық. Ел іргесі бүтін болып, береке-бірлігіміз артып, мемлекет әлеуеті күшейіп, елдің көңілі де, қарны да тоқ болсын, ағайын!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында Үкіметке денсаулық сақтау мен жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру тәсілдерін қайта қарауды тапсырған болатын. Primeminister.kz редакциясы Қазақстанның 2023 жылғы даму қорытындылары туралы материалдар сериясын жалғастырады. Соның ішінде бүгін біз еліміздегі денсаулық саласындағы тың жетістіктер туралы айтамыз.

«Биыл отандық денсаулық сақтау саласы үшін маңызды жыл болды: «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру басталды, Астанада бірегей жабдықтармен жарақтандырылатын Ұлттық ғылыми онкологиялық орталықтың құрылысы аяқталуда, азаматтар үшін медициналық скринингтер кеңейтілді», – деді Денсаулық министрі Ажар Ғиният. Сонымен, еліміздің биыл денсаулық сақтау саласында қол жеткізген нәтижелері қандай? Ол туралы төмендегі шолудан оқи аласыз.

«Медициналық инфрақұрылымды кешенді түрде жақсартуға баса назар аудару керек. Мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігін тиімді пайдаланған жөн. Медицина – инвестиция салуға қолайлы сала. Тек оған дұрыс жағдай жасау қажет».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

«МЕДИЦИНА – ИНВЕСТИЦИЯ САЛУҒА ҚОЛАЙЛЫ САЛА»

Алматыда ультрадыбыстық стационарлық диагностикалық жүйелерін шығару жолға қойылды

90 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ НЫСАНЫ БОЙ КӨТЕРДІ

● Биыл республика өңірлерінде 90 жаңа денсаулық сақтау нысаны салынды, оның ішінде 59-ы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде іске қосылды. Сонымен қатар, 80 медициналық мекеме жөнделіп, 4 көпсалалы орталық аудандық аурухананы күрделі жөндеу жұмыстары басталды.

● Стационарларда 3 млн-ға жуық адам көмек алды, алғашқы медициналық-санитариялық көмек желісі 90 млн-нан астам адамды қабылдады, 360 мыңнан астам нәресте дүниеге келді (11 айдың қорытындысы бойынша), жедел медициналық жәрдем күштерімен 8 млн шақырту бойынша көмек көрсетілді.


● Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 10 ай ішінде халықтың жалпы өлім-жітімінің көрсеткіші 5,7%-ға, қан айналымы жүйесі ауруларынан өлім-жітім – 6,9%-ға, қатерлі ісіктерден – 0,6%-ға, тыныс алу органдары ауруларынан – 4,7%-ға,

туберкулезден 22,1%-ға төмендеді. 11 айда нәресте өлімі 9,6%-ға, ана өлімі 24,4%-ға төмендеді.

● Осы жылы денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру 2,5 трлн теңге болды. Амбулаториялық деңгейдегі шығындар ұлғайтылып, жалпы көлемнің 56%-ын құрады. Бұл ретте медициналық оңалтуды қаржыландыру 13 есеге – 2019 жылғы 6 млрд теңгеден 2023 жылы 78,1 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Жалпы, Қазақстан 2027 жылға қарай медицинаға жұмсалатын шығыстардың үлесін ЖІӨ-нің 5%-на дейін жеткізу жөніндегі мақсатқа жету үшін сенімді түрде қадам басып келеді.

ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КӨЛЕМІ ЕКІ ЕСЕ ӨСТІ

● Амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету көлемі 2019 жылмен салыстырғанда, 2 еседен астам ұлғайды және 237 млрд теңгені, оның ішінде орфандық ауруларды емдеу 51,8 млрд теңгені құрады. Барлығы 3,9 млн пациент дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді.



● Республиканың 20 медициналық ұйымында дәрілік заттардың пациентке дейін (таңбалау, кодтау) жетуін қадағалауға мүмкіндік беретін дәрілік заттарды бөлудің толық циклі іске қосылды.

● ҚР медициналық мекемелері үшін 58,8 млрд теңгеге 514 бірлік медициналық техника сатып алынды. Медициналық ұйымдардың медициналық жабдықтармен жарақтандырылуы 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда, 2,5%-ға ұлғайып, 84,15%-ке дейін жетті.

● 2023 жылы көрсетілген консультациялық-диагностикалық қызметтердің саны 2,5 есеге артып, 324 млн-нан асты. Биыл 1,1 млн адам қымбат диагностикалық қызмет түрлерін (КТ/МРТ) алды.

СТЕРИЛЬДІ ШПРИЦТЕР ӨНДІРІСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

● Фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамыту шеңберінде мынадай жұмыстар жүргізілді:

– Алматы облысында Оңтүстік Кореяның SGP фирмасымен бірлесіп шприцтер өндіру жобасы іске асырылды;

– Алматыда Оңтүстік Кореяның Samsung Madison компаниясының жоғары және сараптамалық кластарының ультрадыбыстық стационарлық диагностикалық жүйелерін шығару жолға қойылған;

– Маңғыстау облысында есту аппараттарының өндірісі іске қосылды;

– Солтүстік Қазақстан облысында сәулелендіргіштер мен бактерицидтік ауа рециркуляторларының өндірісі іске қосылды;

– Шымкентте сүзгіш жартылай маскалар өндірісі іске қосылды;

– Жамбыл облысында қуаттылығы жылына 270 млн бірлікке дейін бір рет қолданылатын стерильді шприцтер өндірісі іске қосылды.

ашылып, 160-тан астам маман оқытылды.

● ҚР-да ересектер үшін 8 ауру түрін (артериялық гипертония, жүректің ишемиялық ауруы, қант диабеті, глаукома, сүт безі обыры, жатыр мойны обыры, колоректальды обыр, вирустық гепатит) ерте анықтауға арналған скринингтік бағдарлама іске асырылуда. 2023 жылы скринингтік тексерулермен қамту 2022 жылмен салыстырғанда, 19,7%-ға артып, 8,5 млн адамды құрады.

ШАЛҒАЙ АУЫЛДАРҒА МЕДПОЙЫЗДАР БАРДЫ

● Ауыл тұрғындары үшін бүйрек, асқазан-ішек жолдары, тыныс алу органдары және қуықасты без обыры ауруларын ерте анықтауға арналған скрининг кеңейтілді. Жалпы, профилактикалық тексерулермен шамамен 2,6 млн ауыл тұрғыны қамтылды. Сондай-ақ, шалғай ауылдардың 50 мыңнан астам тұрғыны медициналық пойыздардың қызметімен қамтылды, бұл 2022 жылғы қамтудан 58%-ға артық.

● Биыл 688 мың қашықтықтан медициналық қызмет көрсетілді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда, 6,7 есе көп.

● Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру шеңберінде ҚР-да 2023–2027 жылдарға арналған онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі кешенді жоспар бекітілді.

● Елімізде трансплантология, кардиохирургия, онкология, инновациялық жасушалық технологиялар саласында 80 жаңа технология енгізілді, олар бойынша 20 мыңға жуық адам емделді.


● Семей қаласындағы Ядролық медицина орталығы радионуклеидтік терапияның 776 курсы өткізілді.

● Дәрігерлерге, оның ішінде аса тапшы мамандықтар бойынша қажеттілікті қамтамасыз ету үшін 2023 жылы республикалық бюджет есебінен 6 мыңға жуық білім беру гранты бөлінді.

● Жергілікті бюджет қаражаты есебінен 16,5 мың маман біліктілігін арттырумен қамтылды.

● 2023 жылы ҚР медициналық жоғары оқу орындарын 7 мыңға жуық дәрігер бітіріп шықты. 23 мыңнан астам орта медициналық қызметкер дайындалды.

Дайындаған
Нұржамал ӘЛІШЕВА.





2023 жылдың қорытындысы:

ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨСУІ ЖӘНЕ
ИНФЛЯЦИЯНЫҢ БАЯУЛАУЫ

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сайлауалды бағдарламасында және Қазақстан халқына Жолдауларында белгіленген ауқымды реформаларды іске асыру жалғасын тапты. Жаңа заңнамалық нормалар күшіне енді, бірқатар ірі мемлекеттік бастамаларды, соның ішінде «Жайлы мектеп» және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобаларын іске асыру басталды.

Сонымен қатар, Үкіметте дағдарысқа қарсы шаралар қолға алынды, бұл сыртқы күйзелістердің әсерін төмендетуге және алдағы кезеңге экономикалық дамудың негізін қалауға мүмкіндік берді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет алдына ұлттық экономика көлемін 2 есеге арттырып, \$450 млрд-қа дейін жеткізу міндетін қойды. Ол үшін жыл сайынғы тұрақты экономикалық өсімді кем дегенде 6% деңгейінде қамтамасыз ету үшін шаралар қабылданады. Атап айтқанда, стратегиялық мақсатқа қол жеткізуде өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды іске асыру маңызды рөл атқаратын болады.

- Ел экономикасы сыртқы жағдайларға сәтті бейімделіп, биыл орнықты өсу траекториясына шықты. Қаңтар-қараша айларының қорытындысына сәйкес экономиканың өсуі 4,9%-ды құраса, өткен жылдың сәйкес кезеңінде бұл көрсеткіш 2,7%-ды құраған. Жалпы республика бойынша жан басына шаққандағы ЖІӨ \$11,5 мыңнан \$13,3 мыңға дейін өсті.

- Жылдық мәндегі инфляция қарашада 2022 жылғы желтоқсандағы 20,3%-дан 10,3%-ға дейін төмендеді. Бұған жедел және орта мерзімді 90 қадамды қамтитын тиісті шаралар кешенін жүзеге асырудың нәтижесінде қол жеткізілді.

- 6 айдың қорытындысына сәйкес \$13,3 млрд тікелей шетелдік инвестиция тартылды. Бұл – өте жоғары көрсеткіш. Сондай-ақ, орта мерзімді кезеңде экономикалық өсуді қолдауға кепілдік береді. Жыл қорытындысы бойынша ТШІІ шамамен \$27 млрд деңгейіне жеткізу жоспарланған.

- Экономиканың барлық салаларында жалпы құны 967,7 млрд теңгені құрайтын 210 жаңа инвестициялық жоба іске қосылды. Ол 19,5 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Жалпы жыл қорытындысы бойынша 1,6 трлн теңгеге 291 жоба пайдалануға беріледі деп күтілуде.

- Машина жасау өндірісі 26,8% – рекордтық қарқынмен өсті. Бұл ретте автомобиль жасау және электр жабдықтарын өндіру салаларында көрсеткіштер одан да жоғары, сәйкесінше шамамен 41% және 32%-ды құрады.



- Биыл Қазақстан \$65 млрд-тың өнімін экспорттады, сонымен бірге өңделген тауарлардың экспорты \$21 млрд-қа жетті.

- IMD әлемдік бәсекеге қабілеттілік рейтингінде Қазақстан өткен жылмен салыстырғанда 6 тармаққа көтеріліп, әлемнің 64 елінің ішінен 37-ші орынға ие болды. Рейтингті дайындау үдерісінде экономикалық қызмет, Үкіметтің тиімділігі, бизнес пен инфрақұрылымның тиімділігі сияқты бағыттар бойынша кешенді зерттеу жүргізіледі.

Іскерлік ахуалды және бизнесті жүргізу жағдайларын жақсарту бойынша жаңа бастамалар жүзеге асырылды. Осылайша ірі инвесторлармен жеке шарттарда келісімдер жасауға мүмкіндік беретін инвестициялық келісімдер

бойынша қосымша тетіктер енгізілді. Инвестициялық міндеттемелер туралы келісім жасау кезінде салық заңнамасының тұрақтылығына 10 жылға кепілдік беріледі.

- «Қарапайым заттар экономикасы» кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша шарттар жетілдірілді: өңдеу өнеркәсібінің қосымша түрлері енгізілді; субсидиялау мерзімі 7 жылға дейін ұзартылған экономиканың 20 негізгі секторының тізбесі анықталды; әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері үшін қосымша қолдау шаралары енгізілді және т.б.

- 10 мың-нан артық бизнес талаптары алынып тасталды. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап тағы 1 мың талап алынып тасталады.

- Тәуекелдерді басқару жүйелерін автоматтандыру жұмыстары аяқталды. Бұл 2024 жылдан бастап кәсіпкерлікті тексеру санын 2 есеге қысқартуға мүмкіндік береді. Жүйені пайдалану кезінде адам факторы толығымен алынып тасталады.

Кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету (субсидиялау және кепілдік беру) жыл сайын артып келеді. Атап айтқанда, бұл мақсаттарға «Бәйтерек» холдингі желісі арқылы 2,3 трлн теңге бөлінді. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау 209 млрд теңгеден 288 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Жалпы, мемлекет қабылдаған шаралар ШОБ өнімін шығаруды 2022 жылдың 6 айында 23 трлн теңгеден осы жылдың сәйкес кезеңінде 29 трлн теңгеге дейін арттыруға мүмкіндік берді. ШОБ саласында жұмыспен қамтылған азаматтардың саны 500 мыңға өсіп, 4,3 млн адамды құрап отыр. Бұл ретте елдің ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі 36,4%-ға жетті.

- Экономиканы монополиядан арылту жөніндегі комиссия жұмысы басталғаннан бері республикалық және коммуналдық меншікке 15 компания, 7 ғимарат, 160-тан астам теміржол мен құрылыстар және басқа да мүліктердің (2 мың бірліктен астам) акциялар пакеті мен қатысу үлестері қабылданды.

Сонымен қатар, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына 1 млрд теңге көлемінде қаражат жіберілді. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына шамамен 2 млрд теңге бағытталды.

Жаңадан жекеменшік операторлардың пайда болуына жол бермеудің алдын алу шарасы ретінде Жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарынан әлеуметтік маңызы бар, оның ішінде стратегиялық маңызды 217 нысан алынып тасталды.

АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

Бүгінде республикамызда Мемлекет басшысының барлық деңгейдегі білім беру саласын нығайту жөніндегі бірқатар маңызды бастамасы іске асырылуда. Атап айтқанда, осы жылдың айшықты оқиғаларының бірі – «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының басталуы болды. Оның аясында 740 мың оқушыға арналған жаңа форматтағы 369 мектеп салынады.

Биыл ел бойынша 137 мың оқушыға арналған 165 мектеп пайдалануға берілді. Осылайша 12 апатты жағдайдағы және үш ауысымда оқытатын 29 мектеп бойынша мәселе шешілді. 210-нан астам мектепте күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды.

- «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 461 мың оқушыға арналған 217 мектептің құрылысы басталды (екі ауысымда).

- Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры құрылған сәттен бастап (жекеменшіктен қайтарылған қаражат) арнайы шотқа 151,9 млрд теңге түсті. Нәтижесінде жалпы сомасы 96,5 млрд теңгеге 76,7 мың оқушыға арналған 62 мектептің құрылысы қаржыландырылды. Биылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 28,6 мың оқушыға арналған 17 мектеп пайдалануға берілді.

Президенттің Сайлауалды бағдарламасын іске асыру мақсатында 718 мектеп 1067 заманауи химия, физика, биология, STEM және робототехника кабинеттерімен жабдықталды.

- 1 қыркүйектен бастап 1,6 млн бала тегін ыстық тамақпен қамтылды, олардың ішінде 1,4 млн бастауыш сынып оқушысы және әлеуметтік осал топтардан шыққан 200 мыңнан астам бала бар.

- Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқушылардың қауіпсіздігін күшейту үшін тиісті жүйелер, атап айтқанда, бейнекамералар, дабыл түймешелері, турникеттер орнатылды.

ҚАРЖЫ ЗАЯ КЕТПЕДІ
Білім саласын дамытуда қандай жұмыстар атқарылды?

- «Балабақшаға есепке алудың бірыңғай базасы» әзірленіп, іске асырылуда. Екі облыста балабақшаға есепке алу жүйесі пилоттық режимде жұмыс істейді. 2024 жылы толық іске қосу жоспарланған.

- Биылғы қаңтар айында мұғалімдердің жалақысы тағы 25%-ға өсті. Осылайша 4 жыл ішінде мұғалімдердің жалақысы 2 есе көбейіп отыр.

- Қыркүйек айынан бастап 98 мыңға жуық тәрбиешінің жалақысы 30%-ға артты.

- «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы». Президенттік жастар кадр резервінің үлгісі бойынша мықты педагогтар қатарынан кадр резервін іріктеу және даярлау жөніндегі бағдарлама әзірленіп, іске асырылуда.

- Білім беру ұйымдарында тәрбие сапасын арттыру бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» қабылданды.

- Азаматтарға жоғары білімді қолжетімді етудің қосымша тетігі ретінде «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін әзірлеу басталды.

Жүйе аясында балаға арнайы шот ашылып, оған мемлекет 60 АЕК (5 жастағы балаларға) мөлшерінде бастапқы білім беру капиталын салады. Онда ата-аналардың ерікті жарналары, 5%–7% мөлшерінде жыл сайынғы мемлекеттік сыйлықақы және инвестициялық табыс қаражаты жиналатын болады. Айына 1 АЕК мөлшерінде ең төменгі жарна салынатын болса, бала 18 жасқа толғанша 3,3 млн теңгеден астам қаражат жиналады. Ата-аналардың ерікті жарналары, мысалы, айына 3 АЕК-ке дейін жетсе, 7 млн теңгеден астам қаражат жинау мүмкін болады.

Грант саны көбейді

Сонымен қатар, жүйе аясында халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау шаралары көзделген. Грантқа түскен жағдайда талапкер жиналған қаражатты тұрғын үй сатып алуға жұмсай алады.

- 2023 жылы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 88 мыңнан астам грант бөлінді, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 23%-ға артық. Бұл көрсеткіш 2019 жылдан бастап тұрақты түрде өсіп келеді, ол кезде мемлекеттік тапсырыс көлемі 51 мың грант болған.

- 1 қыркүйектен бастап студенттердің шәкіртақысы 20%-ға өсіп, 41 898 теңгеге (педагогикалық ғылымдар – 67 200 теңгеге) жетті, магистранттар мен докторанттар шәкіртақылары 15%-ға өсіп, тиісінше 97 024 және 217 500 теңгеге көтерілді.

- Биыл 5,9 мың орынға арналған 25 студенттер жатақханасы пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін 5 мың орынды тағы 19 жатақхана ашу жоспарланып отыр. 2028 жылға дейін 55,5 мың орын пайдалануға берілетін болады.

Колледж студенттерінің стипендиясы 50%-ға көтерілді

- Колледж студенттеріне арналған жаңадан 13 жатақхана ашылды.

- ТЖКБ ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы 133 мың орынға дейін ұлғайтылды.

- Зерттеу экожүйесін құру және серпінді технологияларды дамыту мақсатында Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және М.Әуезов атындағы ОҚУ зерттеу университеттеріне айналды. Бұл университеттік ғылымның республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосар үлесін ұлғайтуға, экономиканың түрлі салаларында жаңа өнімдер мен технологиялық процестерді құруға, ғылыми қызмет нәтижелерін коммерциализациялаудан түсетін табысты ұлғайтуға, жаңа кәсіптер мен технологияларды ескере отырып, инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

- Халықаралық академиялық рейтингтерге қатысуды кеңейту есебінен қазақстандық

жоғары оқу орындарының халықаралық білім беру кеңістігінде танылу деңгейі артты. Мәселен, QS WUR 2023 рейтингіне 21 қазақстандық ЖОО кірді, көрсеткіш 2018 жылмен салыстырғанда екі есеге өсіп отыр. Сондай-ақ, Times Higher Education рейтингінде ҚР жоғары оқу орындарының белсенділігі артып келеді.

- Қазақстанда жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жұмыстары жалғасуда:

- Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің базасында Хериот-Уотт университетінің (Шотландия) филиалы құрылды;

- Шәкәрім университетінің базасында Бидгош қаласындағы Экономика университетінің (Польша) филиалы ашылды;

- І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен Марке политехникалық университеті (Италия) арасында филиал құру туралы келісімге қол қойылды;

- Yessenov University базасында Қазақ-неміс тұрақты инженерия институты (неміс ЖОО консорциумы) құрылды;

- 1 қыркүйектен бастап Қазақстанда педагогикалық білім беру сапасын арттыру үшін Дүниежүзілік банк желісі бойынша пилоттық режимде 30 инновациялық білім беру бағдарламасын іске асыру басталды. Олардың ерекшелігі – педагогтардың зерттеу дағдылары мен цифрлық құзыреттіктерін дамытуға баса назар аударылады.

- Coursera-мен ынтымақтастық аясында пилоттық жоба ретінде курс енгізу мақсатында қазақстандық 25 жоғары оқу орнының тізімі анықталды. Бүгінгі таңда 44 мыңнан астам студент Coursera платформасында 67 мыңнан астам курстан өтіп, тиісті сертификаттар алды. Бұл курстар IT, кәсіпкерлік, физика және бизнес салаларын қамтиды.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ТАҒЫМ

«ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ»

монуменіне гүл шоқтары қойылды



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Әсем Алматының басты алаңында орналасқан «Тәуелсіздік таңы» монументіне гүл шоқтарын қою рәсіміне шаһар басшысы Ерболат Досаев қатысты.

Досбол
АТАЖАН

16 желтоқсан күні қазақ жұрты Тәуелсіздік күнінің 32 жылдығын атап өтті. Алматыда қала әкімі Ерболат Досаевтың, мәслихат депутаттары, Ардагерлер кеңесі, Қоғамдық кеңес мүшелері, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушылардың, Ауған соғысы ардагерлері, Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелері мен

этномәдени бірлестіктер, қаланың жастар ұйымдары өкілдерінің қатысуымен «Тәуелсіздік» монументіне гүл шоқтарын қою рәсімі болды.

Салтанатты рәсім барысында іс-шараға қатысушы азаматтар ата-бабаларымыз аңсаған Тәуелсіздік жолында құрбан болған саңлақтарды метрономның үнімен бір минут үнсіздікпен еске алды.

«Жыл сайын осында келу мен үшін үлкен мәртебе. Өйткені, мен 1986 жылы осында

болдым. Мұның бәрі менің көз алдымда өтті. Мен үшін бұл қасиетті мереке, қасиетті күн. Бұл еске алу күні. Тәуелсіздіктің 32 жылдығында біз барлық салада көп нәрсеге қол жеткіздік: әлемдік аренаға танылу, дипломатиялық және экономикалық деңгейде танылу және т.б. Біз Орталық Азиядағы орталық экономикалық драйверміз. Бұл күн 1986 жылы алғаш рет Тәуелсіздік туралы ойлағанымызбен құнды», – деп атап өтті Қоғамдық кеңестің мүшесі, жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бекнұр Кисиков.

Желтоқсан оқиғасының ардагері Серік Мұхаметалин жерлестерімізді бірлікке, Қазақстанды бірге көркейтуге шақырды.

«Барлық қазақстандықтарды Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын. Біз Тәуелсіздікке қалай қол жеткізгендігіміз туралы әрдайым

есте сақтап, келер жас ұрпаққа жеткізуіміз керек. Бейбіт заманда өмір сүріп жатқан жастарға айтарым: білім алыңыздар, спортпен шұғылданып, ортақ үйіміз – Қазақстанды бірге көркейтейік», – деді Желтоқсан оқиғасының ардагері, «Өршіл рух» қоғамдық бірлестігінің басшысы Серік Мұхаметалин.

Салтанатты рәсім Алматы өңірлік гарнизонының әскери-үрмелі оркестрі мен сарбаздарының мемлекеттік Әнұранды орындауымен аяқталды.

Айта кеткен жөн, қазіргі уақытта Алматыда 1986 жылы Желтоқсан оқиғасына қатысқан 670 адам тұрады. Биыл қала әкімшілігінің бастамасымен Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға біржолғы төлем 150 мың теңгеден 250 мың теңгеге дейін ұлғайтылды.

ЧЕМПИОНАТ

ТАРТЫСТЫ ТУРНИР

Алматыда классикалық пауэрлифтингтен және классикалық жатып сығымдаудан ашық чемпионат өтті

Тәуелсіздік күні қарсаңында Кенен Әзірбаев атындағы жалпы білім беретін №15 мектепте классикалық пауэрлифтингтен және классикалық жатып сығымдаудан Алматы қаласының ашық чемпионаты өтті. Жарыс барлық жас ерекшеліктері бойынша ұлдар мен қыздар арасында Қазақстан ұлттық пауэрлифтинг федерациясының қолдауымен ұйымдастырылып отыр.

Ернұр
РЫСБАЙ

Осыған орай Алматы облысының пауэрлифтинг федерациясының президенті, мәслихат депутаты Сергей Владимирович өз ойын ортаға салды.

Бұл іс-шараны спортқа қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырып отырмыз. Жарысқа қатысушылардың арасында жас спортшылар да бар. Өздерінің бұл спортқа деген махаббатын көрсетіп, жас таңдамай келіп отырған зілтемір көтерушілерге алғысымызды білдіреміз. Қатысушылар арасында спорт шеберлері де бар. Халықаралық жарыстарда өнер көрсетіп жүргендер де аз емес. Жарысты Тәуелсіздік күні қарсаңында ұйымдастырып отырмыз. Бүгін қыздардың арасында мықты спортшылар аз болған жоқ, сондық-

тан да чемпионат тартысты өтті, – деді С.Владимирович.

Жарысқа Алматы қаласы мен Алматы облысынан 150-ге жуық спортшы қатысып отыр. Жарыс жеңімпаздары Алматы облысының құрама командасына қосылуға мүмкіндік алады. Алматы облысы дене шынықтыру және спорт басқармасына қолдау көрсеткендері үшін алғысымызды білдіреміз, – деді пауэрлифтингтен Алматы облысының аға жаттықтырушысы және халықаралық деңгейдегі төреші Мадияр Балтабайұлы.

Чемпионатта зілтеміршілердің арасында бәсекелестік жоғары болды. Қыздар арасындағы турнир өте тартысты өтіп, бірнеше салмақ дәрежесінде медальдар сарапқа салынды. Жарыстың жеңімпаздары наурыз айында өтетін Қазақстан чемпионатында Алматы облысы мен Алматы қаласының намысын қорғайды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«ЖАРҚАНАТ»

Өтетін орны:
Абай атындағы Қазақ ұлттық академиялық опера және балет театры.
Күні мен уақыты:
23 желтоқсан, сағат 18.00.



ЖАҢАЖЫЛДЫҚ КОНЦЕРТ


Өтетін орны:
Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы.
Күні мен уақыты:
23 желтоқсан, сағат 18.00.



«ӘПКЕ»

Өтетін орны:
Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры.
Күні мен уақыты:
23 желтоқсан, сағат 18.30.





Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

МӘСЕЛЕ

ЦИФРЛАНДЫРУ

әлемді баурап барады

Қазір цифрландыру өмірдің бар саласында көрініс тапқан. Барша құжат атаулының электронды версиясы жасалған. Бұл – қатынас құралына айналды. Мұның тиімділігі мен кемшілігі жайында ой қозғауды жөн санаймыз.



**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

Цифрландыру әрбір істе көрініс береді. Бұрынғыдай мекеме жағаламайсыз. Әркімнің есігін тоздырудың да қажеті шамалы. Нағыз іздегенге сұраған деген осы. Кез келген іс-қағаздың PDF, Word, EXEL және скан нұсқасы бар. Әсіресе, COVID-19 пандемиясының кезінде ONLINE термині күшейді. Әйтеуір цифрландырудың дәуірі жүріп тұр.

Заманның дамығаны дұрыс. Онысын қостаймыз. Дейтұрғанмен, кем-кетік тұсы қайсысы соған мән берейік. Бар шаруаны цифрландыруға артып қойып, адами құндылық ысырылып қалып жүрмесін. Ерекше нақтылап өтейік, біз компьютер емес, қарапайым пендеміз. Адамға сезім дейтін нығмет берілгенін ұмытпайық. Дүниеде ешбір мақұлыққа бұл қасиет бұйырмаған.

ОНЛАЙН БАНК

Банк жүйесі түгел сандық формацияға көшкен. Қаржы-несие жүйесі барынша бейімделген. Бүгінде «электронды төлем», «электронды қабылдау», «электронды кезек», «электронды көмек» және т.б. жаңа тіркестер көбейді. Бұрын ойламаған дүние қазір жүзеге асып жатыр. Екінші деңгейлі банктің бәрін электронды сөзсіз елестету қиын. Тіпті, несие төлеу кешіктірілсе, дереу хабарласады. Баяғыдай байланыс операторымен қызылкенірдек болып қажет емес. Арнайы «робот кеңесші» бәрін тәптіштеп тізіп береді. Қажетті сервисті сұрайды, кейде жол көрсетіп қояды. Банктер онлайн несие ресімдей беретін болды. Бұрынғыдай менеджерге барып, базынаңызды айтпайсыз.

Офлайн термині архаизмге айналып барады. Тек егде тартқан кісілер болмаса, бактін

есігін тоздырып жүргендер қатары сиреді. Оқта-текте қиын мәселе туындамаса, өздігіңізден банк бөлімшесіне бас сұқпайсыз. Сонымен бірге, банкирлер де әбден тісқакқан. Киберқауіпсіздікке барынша назар аударады. Оны хам цифрландырып қойған. Егер бөгде біреу немесе өзіңіз өзге смартфоннан банк қосымшаңызға кірмекші болсаңыз, ол жағы оңай емес. Кейде өзгеге төлем жасамақшы болсаңыз, сақтандырады. Соған қарағанда алаяқтардан қорғанудың барлық іс-әрекетін амалын жасаған ғой.

Негізі банктің цифрланғаны өте тиімді. Уақыт тапшы кезеңде, терминал, банкомат іздеп жүргеннің несі жақсы? Одан да қолда бар мүмкіндікті қалт жібермей, қолдансаң игі.

ЭЛЕКТРОНДЫ СЕРВИС

Цифрландырудың жарқын көрінісі, ол – электронды сервис. Бұл жайында жоғарыда аз-кем түсінік бердік. Енді мәселеге тереңірек үңілейік.

Уақыт өткен сайын электронды қызмет күдіреті арта бастады. Бұған әрбір 3/2 адам мүдделі. Бұл дегеніміз, балалар мен егде жастағыларды қоспағанда халықтың 70%-ы деген сөз. Әр екінші тұтынушы электронды қызметке жүгінеді.

Елдегі бірден-бір мемлекеттік орган, ол – ХҚКО. Куәліктен бастап, жәрдемақы, түрлі мемлекеттік конкурс, стипендия, бәрі-бәрі сонда. Кезек алып қажетті сервисті атқарып шығасыз. Анда-санда кісі қарасы көбейіп кетеді. Талон парақшасында 5–7 адам деп көрсетіледі. Сонда алдыңыздағы адам санын көріп, шаршайсың. Бірақ амал нешік, күнің түсіп барып отырған соң, күтесіз. Сол сәтте таблодағы нөмір жылжымай қояды ғой.

Әсіресе, авто ҚХО-ға мүдделілер көп екен. Ұзын-сонар кезек. Жүргізуші куәлігін алушылар қатары көп. Электронды кезек бойынша тест пен көлік жүргізу тәжірибесін бір күнде тындырсаңыз мейлі ғой, десе де олай болмай жатады. Демек, сұраныс күшті, талап қатты. Сабырмен күтіп, ережені сақта-саңыз, ниетіңізге қол жеткізесіз.

ВИРТУАЛДЫ ӘЛЕМ

Біздің дәуір шытырман оқиға сияқты. Шетелдің экшн-фильмдері жолда қалады-ау. Барлық нәрсе компьютерленген. Онсыз күн көру мұң сияқты. Құдды бір мойныңызды

бұрғызбайтындай. Барша ақпарат алмасу осы арқылы жүріп жатыр. Айшылық алыс жерден жылдам хабар алғызып тұр. YouTube, Instagram, Facebook, TikTok әлеуметтік желілері топ жарады. Бұның бірнешеуіне тіркел-месеніз, артта қалғандай сезінесіз. Баяғы тас ғасырында өмір сүргендейсіз. Әлбетте, ол заманды кім көріпті. Сонымен, осының баршасы виртуалды әлемнің көрінісі іспетті.

Виртуалды әлем біз ойнайтын нәрсе емес. Бұл арада байқампаздық керек. Негізі компьютер, электронды құрылғы, смартфонды көп қолдануға болмайды. Медицина тілімен айтқанда, 1-2 сағаттан ұзаса, жүйкені тоздыратын көрінеді. Мұның арты ашушандыққа, стресске түсіретіні айдан анық. Алайда, жыл он екі ай қасымызда, қолымызда, миымызға әсер етіп тұрған дүниемен бір сәт те қоштаса алмаспыз. Ондай батылдық әзір адамзаттан шыға қоймас. Түбінде адам бұл тақырыпты ғаламдық проблема ретінде қайта қарайтын болады.

ЗОМБИ БОЛМАЙЫҚ

Қазір үлкен түгілі кішкентай баламен тілдеспейтін болдық. Жылай бастаса, телефон беріп құтылуға асығамыз. Максат – жыламауы керек. Осы күні дос-жаранды, ағайын-туысты қонаққа шақырудан қалдық. Қасында адам отыр демейді, смартфонға шұқышып отыра береді. Сурақ қойсаң, жауабы – иә немесе жоқ. Бітті, осыдан әрі аспайды. Сосын отырыстың сөні қашпай қайтсін. Көшеде кетіп бара жатсақ жас та, жасамыз та құлақта құлаққап, ешкімді елемейді. Дүние қирап жатса да міз бақпайды ғой, шіркіндер. Тіпті, әлеуметтік желідегі хабар алмасу қысқа ғана. Жақсы болса, бармақ суретін жібере саламыз. Ал ұнатпасақ, қып-қызыл сайтанның түрін аттандырамыз. Міне, бүгінгі ахуал осындай.

Үнемі метромен қатынаймыз. Қалтаға тиімді көлік құралы да сол. Ең негізгісі, кептеліске кептелмейсіз. Алайда, ішіне кіріп қалсаңыз, жұмысқа барар және қайтар сәтте аяқ қоятын жер таппай, кісімен бетпебет келесіз. Амал нешік. Айтпағымыз, бірде метро қол ортасында кідіріп қалды. Ішіміз алай-дүлей. Жер астында байланыс жоқ. Сырттағылармен хабарласу жалғыз машинистке бұйырған. Сонда көк формадағы метро пойызын тізгіндеуші кісі арамыз-

дан өтіп барады. Мұраты – ақауды реттеу. Әй, шіркіндер-ай, жастар жағы жолды жауып тұрып алған. Бәрінде құлаққап тағулы, қолындағы смартфоннан ойын ойнап әлек. Техникалық ақау басым көпшілігінің есіне кіріп-шығып тұрған жоқ. Кісі қарасы көп емес. Әлгі машинист маманға ортаны ашып жол беруге болады ғой. Міз бақпай тұра бергендерді көріп, зығырданың қайнайды. Бәрі – зомби. Американың қорқынышты киносы мұның қасында далада қалады. Оны қойшы, көшеде кісі талып жатса да, қайырылмайтындар жетеді. Сонда біз болашақты қандай ұрпақтың қолына қалдырып барамыз. Осы жағын ойланып, ортақ шешімге келетін кез әлдеқашан жетті, ағайын!

Қайталап өтейік. Біз адамбыз. Бізге бір-бірімізбен тілдескен жарасады. Қоғамдық орында ілтипат білдіріп жүрейікші.

«АДАМНЫҢ КҮНІ – АДАММЕН»

Алматы – үлкен шаһар. Оңтүстік астана мәдениет ошағы. Бұл баяғыдан қалыптасқан үрдіс. Енді жоғарыда аталған оғаш ойлар жолымызға кедергі болмауы керек.

Біз қанша жерден цифрландыруға көшсек те, бәрібір адамзаттық биікті сақтау қажет. Ел арасында «адамның күні – адаммен» дейтін аталы сөз кезігеді. Ойымыздың біршамасын тізбектеп айттық. Бізге қуаныш шаттық, бақыт, береке-бірлік дейтін тылсым сезімдер берілген. Осы ойдан айырылмайық.

Адамзатқа қажетті құндылық, ол – сыйластық. Негұрлым сыйлағанды түсінсе, соғұрлым өзара түсіністік артады. Ең негізгісі, «өзіңе қатысы жоқ іске араласпа». Қазақша айтқанда, «мұрның сыймайтын жерге, басыңды сұқпа».

ТҮЙІН:

Бұрынғылар уақытпен санасқан. Жан-дүниенің түкпіріне бойлаған. Қоршаған ортамен етене жақын болған. Шынайы қарым-қатынасты дұрыс көрген. Соның арқасында адамдар арасындағы жылылық сақталған. Цифрландырудың реті осы деп, дүниені виртуалды көріп, жер-жаһанды зомбига айналдырып алып жүрмейік. Біз ортаға ой тастадық, жаңа технологияны тізгіндегендер бір сәт осы жағын да ойласа дейміз.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«ОЙЫННАН ОТ ШЫҒАР...»

Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы
Қазақ ұлттық драма
театры.
Күні мен уақыты:
23 желтоқсан, сағат
18.30.



**GOLDEN
DRAGON ALMATY
ЦИРКІНДЕ!**

Өтетін орны:
Алматы циркі.
Күні мен уақыты:
24 желтоқсан, сағат
16.00.



«ӘКЕ»

Өтетін орны:
«Жас сахна» театры.
Күні мен уақыты:
24 желтоқсан, сағат
18.00.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.



● МЕРЕКЕЛІК КЕШ

Медеу ауданындағы №98 жалпы білім беретін мектепте жыл сайын айтулы мерекелерге арналған сыныптан тыс іс-шаралар өткізіліп тұрады. Бұл іс-шараға мектептегі бастауыш, орта, жоғары буын аралығындағы сабақтастықты, қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында бірнеше сыныптар атсалысады.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ!



Мектеп әкімшілігі іс-шараға қатысқан оқушылардың сахна мәдениетіне көңіл бөліп, тәрбиелік мақсатын саралап, олардың еңбектеріне баға береді. Кезекті іс-шарамыз «Тәуелсіздік – тұғырым!» деген атаумен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналды.

Азаттығымыздың айшықты белесі туралы «Отыз екі жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар төңірегінде ой айтып, мектебіміздің жетістіктеріне есеп беру дәстүрге айналған.

32 жылдық тарихы бар Тәуелсіз Қазақстанның тарихына

көз жүгіртсек, жас ұрпақтың санасы сергек, көзқарастары да өзгеше. Тіпті, Тәуелсіздікті ешбір дәлелді қажет етпейтін аксиома деп біледі. Бұл – егемендік ұғымы жастардың санасына берік орныққанын көрсететін қалыпты құбылыс.

Осынау тәтті ұғым халықтың есінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа берілуге тиіс. Осы қағида ны басшылыққа ала отырып, мектеп ұжымы жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берумен жүйелі түрде жұмыс жасап келеді.

Бәтен ДАЛБАЕВА,
мектеп директорының
оқу-тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары.

● РЕДАКЦИЯҒА ХАТ



Уақыт, шіркін, зымырап өтіп жатыр. Немеремнің ұстазы туралы бір дүние жазсам дегеніме де жылға жуықтапты. Балаларыма білім беріп жатқан ұстаздар туралы он ойланп, мың толғандым. Ақыры, көкірегімде сайрап тұрған сансыз сөздерімді қаламның ұшымен безендеудің де сәтті келген сыңайлы. Менің кейіпкерім Әуезов ауданындағы Ілияс Жансүгіров атындағы №130 гимназияның мұғалімі Ақмарал Шолпанқұлова.

ҰСТАЗ ЕҢБЕГІНЕ БАС ИЕМІН!

2015 жылы немерем Қасымбай Бибіжан-ды осы мектептің 1-сыныбына берген едім. Немеремнің ұстазы да жақсы кісі болып жолықты. Ұзақ жылғы тәжірибесі бар Ақмарал Мұратқызы бірден немеремнің тілін тауып алды. Содан 2018 жылы екінші немерем Қасымбай Аружанды да осы мектепке апардым. Апайы кім дейсіздер ғой, Ақмарал Мұратқызы! Екі немереме де сапалы білім беріп, екеуі де үздік атанды.

Тәрбие демекші, Ақмарал Мұратқызы екі қызымның да мінез-құлқын жақсы меңгеріп алған. Үлкен немерем Бибіжан көп сөйлейді, ал кішісі Аружан керісінше көп сөйлейді, мінезі де аңқылдақ.

Соны байқаған Ақмарал апайы бірде:

– Мына Аружанның сөйлегіштігінің жартысын Бибіжанға берсе ғой, – деген еді. Арада көп уақыт өтпей, 2022 жылы үшінші немерем Қасымбай Раянаны тағы да №130 мектепке әкелдім. Қызықты қараңыз, апайы ардақты ұстаз Ақмарал Мұратқызы болып шықты.

Осы мақаламды жазып отырып, балалық шағымның еске түсіп кеткені. Біз аспаннан түскен жоқпыз, біз де бала болдық. Менімен қатарлас 1953 жылдың балалары Оңтүстік Қазақстан облысындағы қазақ мектебінің

1-сыныбында оқып жатқанбыз. Кенет сыныбымызға үлкен бір кісі кіріп келді. Бәлкім, директор болса керек.

– Балалар, бүгін біздің көсеміміз Сталин қайтыс болды, – деді. Бала емеспіз бе, біз аңтаңбыз.

Бір уақытта әлгі кісі біздің апай екеуі қосылып, «балалар, көне, жылаңдар!», – дегені. Әп-сәтте у-шу болдық та қалдық. Міне, сондай да заман болған.

Қазір заман басқа, заң басқа. Осындайда құдайға шүкір деп айтамын. Ардақты ұстаз Ақмарал Мұратқызы екі немеремді оқытып, қазір үшінші немерем Раянамды оқытып жатыр. Былай қарасаңыз, кішігірім тарих сияқты. Халқымыз «Еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында», – деп бекер айтпаған ғой.

Аталмыш мектепте атқарылып жатқан жұмыстарға ата-аналар да өз үлестерін қосып жатады. Осы іс-шараларға мұрындық болып жүрген гимназия директоры Әлия Қасқырбаева, директордың орынбасары Айбану Қырғызбайқызына шынайы алғысымызды білдіреміз.

Әбдісаттар ҚАСЫМБАЙ,
зейнеткер.

● М.ЖҰМАБАЕВ – 130



Мағжан поэзиясы мәңгі өлмес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар асыл қазына, қазақ поэзиясының інжу-маржаны. Сондықтан кеш барысында мектеп оқушылары Мағжанның өлеңдерін жарыса оқып, оның шығармашылығымен

кеңінен танысты. Кеш қонағы болған Жұмашай Рақышқызы «Мағжан шығармаларының басылымдық ерекшеліктері» атты баяндамасын оқып, оқушылармен пікір алмасты. Әдеби кеш соңында онкүндікке белсене қа-

тысқан оқушылар арнайы сыйсияпатқа ие болды. Мақтау қағазымен марапатталды.

Ақын бір кездері «Мен жастарға сенемін!» деп жастардан үлкен үміт күтсе, сол сенім ақталғандай.

ЖАСТАР ҮМІТТІ АҚТАЙДЫ

Медеу ауданындағы Б.Момышұлы атындағы №131 мектеп-лицейінде «Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім...» атты Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына арналған онкүндігінің жабылуына орай, әдеби-сазды кеш өтті. Аталмыш кешке М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазба және текстология орталығының директоры, филология ғылымының кандидаты Жұмашай Сайлауқызы арнайы қатысты.

● ЖАРЫС

СПОРТТЫ СЕРІК ЕТКЕНДЕР

Ел Тәуелсіздігі мерекесіне орай, «Ұстаз» Алматы қалалық кәсіподақ ұйымының Алматы аудандық филиалы ұстаздар арасында волейбол, теннис, шахмат, тоғызқұмалақтан жарыс ұйымдастырды. Спорттық дода осы аудандағы №128, 135 мектептердің базасында өтті.



Аудан ұстаздары арасында өткен спорттық жарыс өте тартысты өтті. Бұл жолы да жарысқа белсенділікпен қатысқан ұстаздар өздерінің спортты серік еткендіктерін танытты. Бұл күні жарыстарға тек денешынықтыру пәні мұғалімдері ғана емес, барша мектеп ұжымы болып қатысты.

– Салауатты ұрпақ тәрбиелеу үшін, ең алдымен, өзіміз үлгі көрсетуіміз керек қой. Бұл ретте ұстаздарымыздың спортқа деген қызығушылығы қуантады. Біз бұған дейін де бірнеше мәрте осындай жарыстар ұйымдастырдық. Аудан ұстаздары үнемі ұйымшылдықпен қатысып келеді, – дейді Алматы аудандық «Ұстаз» кәсіподағының төрайымы Раушан Дүйсебайқызы. Жарыс соңында үздік командалар мен ойыншыларға арнайы сыйлықтар табыс етілді. Жеңімпаз командалар алдағы мерекеде болатын қалалық жарыста өнер көрсететін болады.

● КЕЗДЕСУ

«АҚЫННЫҢ РУХТЫ БОЛУЫ – ЕЛІНІҢ МЫҚТЫ БОЛУЫ»



Алматы ауданындағы №147 гимназияда «Ақынның рухты болуы – елінің мықты болуы» атты Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Жастар одағының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын, Желтоқсан көтерілісіне қатысушы Аманғазы Кәріпжанәулетімен кездесу кеші өтті. Кешке гимназия ұжымы мен оқушылар қатысты.

Есіміне сырттай қанық болғандықтан, мектеп оқушылары Аманғазы Кәріпжан ағаларымен жарыса амандасып жатыр. Араларында ақын өлеңін жатқа білетін оқушылар кездесу басталмастан бұрын кеш қонағының өлеңін жатқа оқып, зор құрмет көрсетіп жатыр.

Жалтоқсан – Тәуелсіздіктің бастауы. Үлкен дарияға бастаған бұлақтың көзі іспетті болды. Сондықтан халқымыз бастан кешкен көп күрестің ішіндегі ең ерекшесі де, шешушісі де осы болды. Кеш барысында оқушылар ақын өлеңдерінен театрландырылған қойылым қойып, 9 «ә», 10 «а» сынып оқушылары өлеңдерін жатқа оқыды.

Кездесу барысында ақын сол бір күндер туралы естеліктер айтып, өз өлеңдерін оқыды. Өскен ортасы, туған жері мен балалық шағы туралы баяндады. Бостандыққа бастаған жолдағы қазақ жастарының ерлігі мен

өрлігі жайында кеңінен әңгімеледі. Тәуелсіз еліміздегі юарлық игіліктер жастардың болашағы үшін жасалып жатқанын айтып, оқушыларды сапалы білім алуға шақырды.

Оқушылар тарапынан қойылған сауалдарға қайтарған ақынның ұтымды жауабына оқушылар да дән риза болды. Кеш қонағы кездесуді ұйымдастырған Қазақ тілі мен әдебиет пәні бірлестігі мұғалімдеріне ерекше ризашылығын білдірді.

Мектеп оқушылары Болат Дәулетұлы «Мен қазақтың ұлымын» әнін орындаса, Жанел Қыдырәлі жетігенде күй тартты. Гимназия басшысы Роза Әшімбекқызы кеш қонағына ұжым атынан ризашылығын білдірді.

Кездесу соңында мектеп мұғалімдерінің хоры ақынның «Желтоқсан маршын» орындады.

**Бетгіті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.**




ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

денсаулық сақтау жүйесінің сапалы деңгейін қалыптастыра ала ма?

Бүгінгі таңда ғылым мен техниканың қарыштап дамығаны соншалықты, электронды жүйелер, соның ішінде интеллектуалды автоматты құрылғылар адамдардың өмірлік тәжірибесіне дендеп еніп кетті. Соның бір айғағы – жасанды интеллект. Қазіргі күні жасанды интеллект медицина саласын да айналып өтпеді. Оған бір дәлел машиналық оқыту бола алады. Бұл оқыту жүйесі медициналық деректерді өңдеуге көмектесіп, денсаулық сақтау мамандарына сыни түсініктер беріп, пациенттердің нәтижелері мен дәрігерлердің тәжірибесін жақсартады. Информатика мен информатикадағы соңғы жетістіктердің арқасында жасанды интеллект (ЖИ) тез арада заманауи денсаулық сақтаудың ажырамас бөлігіне айналууда.



(Фотодереккөз: digitalhealth.net)

қалыптастыра ала ма?» деген сауалға нақты мысалдар келтіру арқылы жауап берейік.

Ауруды анықтау мен диагностикалау

Адамдардан айырмашылығы, ЖИ ешқашан ұйқыны қажет етпейді. Машиналық оқыту үлгілері ауыр медициналық көмек алатын пациенттердің өмірлік маңызды белгілерін бақылау және белгілі бір қауіп факторлары артқан жағдайда дәрігерлерді ескерту үшін пайдаланылуы мүмкін. Жүрек мониторлары сияқты медициналық құрылғылар өмірлік маңызды белгілерді бақылай алады, ал ЖИ осы құрылғылардан деректерді жинап, сепсис сияқты күрделі жағдайларды анықтайды. Мәселен, бір зерттеуші ғалым IBM бағдарламасы көмегімен шала туылған нәрестелерді болжау үшін жасанды интеллект үлгісін әзірледі, ол ауыр сепсисі анықтауда 75% дәлдік танытты.

Науқастарды жеке емдеу

Виртуалды ЖИ көмегімен дәлдік медицинаны қолдау оңайырақ болады. Жасанды интеллект үлгілері таңдауларды үйреніп, сақтай алатындықтан, ЖИ тәулік бойы пациенттерге жекелендірілген, нақты уақыттағы ұсыныстар бере алады. Әр жолы ақпаратты жаңа адамға қайталаудың орнына, денсаулық сақтау жүйесі пациенттерге пациенттің ауру тарихына, қалауларына және жеке мәліметтеріне негізделген сұрақтарға жауап беретін ЖИ-мен жұмыс істейтін виртуалды көмекшіге тәулік бойы қолжетімділікті ұсына алады.

Медициналық бейнелеу

ЖИ қазірдің өзінде медициналық бейнелеуде маңызды рөл атқаруда. Зерттеулер көрсеткендей, жасанды нейрондық желілер арқылы жұмыс істейтін ЖИ сүт безі қатерлі ісігінің белгілерін, сондай-ақ басқа ауруларды анықтауда рентгенологтар сияқты тиімді болуы мүмкін. Дәрігерлерге аурудың ерте белгілерін анықтауға көмектесумен қатар, ЖИ емделушінің ауру тарихының маңызды

бөліктерін анықтау және оларға сәйкес суреттерді ұсыну арқылы дәрігерлер қадағалайтын медициналық кескіндердің таңқаларлық санын жақсартуға көмектеседі.

Клиникалық зерттеулер тиімділігі

Клиникалық сынақтар кезінде пациенттің нәтижелеріне медициналық кодтарды тағайындауға және оған байланысты деректер жиынын жаңартуға көп уақыт жұмсалады. ЖИ медициналық кодтарды жылдамырақ, ақылдырақ іздеуді қосу арқылы бұл процесті жылдамдатуға көмектеседі. Жақында екі IBM Watson Health тұтынушысы ЖИ көмегімен медициналық кодты іздеуді 70%-дан аса азайта алатынын анықтады.

Дәрілік заттардың жедел дамуы

Жаңа дәрі-дәрмектің ойлап табылуы көбінесе ең ұзақ және ең қымбат кезеңдердің бірі болып табылады. Жасанды интеллект жаңа препараттарды әзірлеу құнын екі жолмен азайтуға көмектеседі: тиімдірек дәрілік конструкцияларды жасау және келешегі зор жаңа дәрілік комбинацияларды табуда ұтымды екенін көрсетті.

Пациентке күтім жасау

Медициналық ЖИ дәрігерлердің жұмыс үрдісінде емдеу шешімдерін қабылдау кезінде құнды контекстпен қамтамасыз ете алады. Үйретілген машиналық оқыту алгоритмі дәрігерлерге емделуші әлі бөлмеде болған кезде емдеу және ем-шаралар туралы дәлелді ақпарат пен құнды іздеу нәтижелерін беру арқылы зерттеу уақытын қысқартуға көмектеседі.

Қателерді төмендетіп, қауіпсіздікті жақсарту

ЖИ пациенттердің қауіпсіздігін жақсартуға көмектесетіні туралы кейбір дәлелдер бар. Мысалы, жақында жүргізілген жүйелі шолу ЖИ-ның емделуші қауіпсіздігіне әсерін

зерттейтін 53 рецензияланған зерттеудің нәтижелері қателерді анықтау және дәрі-дәрмекпен басқаруды жақсартуға көмектесетінін көрсетті.

Күтім шығындарын азайту

ЖИ-нің денсаулық сақтау саласындағы шығындарды азайтуда көптеген ықтимал жолдары бар. Ең перспективалы мүмкіндіктердің кейбірі дәрілік қателерді азайту, жеке виртуалды күтім, алаяқтықтың алдын алу және тиімдірек әкімшілік және клиникалық жұмыс процестерін қолдауды қамтиды.

Дәрігер мен пациенттің өзара әрекеттесуін арттыру

Көптеген пациенттер қалыпты жұмыс уақытынан тыс мәселелер туралы ойлайды. ЖИ негізгі сұрақтарға жауап бере алатын және емделушілерге дәрігердің кабинеті жабылған кезде ресурстарды қамтамасыз ететін чат-боттар арқылы тәулік бойы қолдау көрсетуге көмектесе алады. Сондай-ақ, ЖИ сұрақтарды анықтау және қосымша талдауды қажет ететін денсаулық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпаратты белгілеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Мәтіндік сәйкестікті қамтамасыз ету

Терең оқытудың басты артықшылықтарының бірі – ЖИ алгоритмдері ақпараттың әртүрлі түрлерін ажырату үшін контексті пайдалана алады. Мысалы, егер клиникалық жазбада емделушінің ағымдағы дәрі-дәрмектерінің тізімі, сондай-ақ олардың дәрігері ұсынған жаңа дәрісі болса, жақсы даярланған ЖИ алгоритмі қай дәрі-дәрмектің емделушіге тиесілі екенін анықтау үшін табиғи тілді өңдеуді пайдалана алады.

• Біздің елімізде жасанды интеллект көмегімен жұмыс істейтін медициналық құрылғылардың ішінен электрокардиография аппаратын алуға болады. Мысалы, Ұлыбританияның «BTL» компаниясы өндірген ЭКГ аппараттары науқастың жүрек ырғағын тері арқылы тіркеп, оның нәтижесін қағаз лента бетіне шығарып қана қоймай, патологиялық ауытқулары бар-жоғын талдау жасап, қағаз бетіне басып шығарады. Бұл ЭКГ талдаушы функционалдық диагностика дәрігерінің жұмысын біршама жеңілдетеді. Егер дәлдік пен толықтырулар қажет болса, дәрігер толықтырып жазады.




(Британдық BTL компаниясының ЖИ көмегімен жұмыс жасайтын ЭКГ аппараты. Фотодереккөз: www.btl.net.com)

Сол секілді, «InHeart» платформасы да ЖИ көмегімен жүрек ырғағының бұзылысына байланысты жасалатын қантамыр арқылы хирургиялық тәсілмен емдеуде науқастың жүрегіндегі анатомиялық нысаналарды детально түрде анықтауға қолданылады. Ол жүректің 3D моделдегі суретін алып өңдеп, жүрек ырғағымен шұғылданатын аритмолог дәрігердің қатерлік абляция арқылы жүрек ырғағы бұзылысын хирургиялық жолмен емдеу барысында абляциялық катетердің жүректің қай аймағында тұрғанын дәлдікпен көрсетіп, дәрігер жұмысын жеңілдетеді және оған тиісті нәтижеге қол жеткізуге жақсы көмекші бола алады. КТ, МРТ-мен салыстырғанда қолжетімді және клиника үшін экономикалық тұрғыда арзанға түседі.

«Da Vinci» деп аталатын хирургиялық оталарды жасайтын робот-хирург (ағылшынша da Vinci Surgical System) әлем хирургтарына көптен бері танымал болып қалды.

• Қорыта айтар болсақ, жасанды интеллект кеше ғана адамзат өркениетінің табалдырығында тұрса, бүгінде медицинаның бел ортасында жүр. Заманауи технологияны жете меңгеріп алсақ, оның денсаулық сақтау саласына берер пайдасы мол болмақ.

Кенжебек БИЖАНОВ,
аритмолог.



(2000 жылы АҚШ-тың Intuitive Surgical компаниясы шығарған Da Vinci жасанды интеллект көмегімен жұмыс жасайтын робот-хирург. Фотодереккөз: davincisurgery.com)



ОТАНДЫҚ ӨНІМ



БӨБЕКТЕР

үшін инкубаторлар мен
реанимациялық жүйелер
шығарылады

Алматыда 2024 жылдан жаңа туған нәрестелерге арнап инкубаторлар мен реанимациялық жүйелер шығарыла бастайды. Қаламызда экономиканы одан әрі әртараптандыру бойынша іс-шаралар іске асырылуда.

Өңдеу өнеркәсібінің басым бағытында зәкір өндірісі бойынша жобалар іске асырылуда. Осылайша 2024 жылы Wildberries логистикалық орталығы мен медициналық жабдықтарды өндіру бойынша 3 жоба іске қосылады. Бұл туралы Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы хабарлады.

Атап айтқанда, операциялық шамдарды, пациенттердің төсегін, балаларға арналған инфрақызыл жылытқыштарды, фототерапияға арналған аппараттарды, аспираторлар, жаңа туған нәрестелерге арналған инкубаторлар, реанимациялық жүйе, ультрадыбыстық аппараттар, ЭКГ, цифрлық рентгенография жүйелерін және т.б. өндіретін болады.

2025 жылы «Changan», «Chery» мен «Naval» мульти-брендтік автозауыты, Knauf Insulations жылу оқшаулағыш материалдар зауыты, 6 фармацевтика мен медициналық жабдықтарды өндіру бойынша тағы 4 жоба іске қосылады.

МАМАН КЕҢЕСІ

ЖҮКТІ ӘЙЕЛ – ЕҢ СҰЛУ ӘЙЕЛ

Екіқабат кезде ағзада болатын физиологиялық өзгерістер қандай?

Жүктілік – әйел өміріндегі ерекше кезең. Құрсақ көтерген әйелдің денесі айтарлықтай физиологиялық өзгерістерге ұшырайды. Бұл өзгерістер әйелді босануға дайындап қана қоймайды, сонымен қатар оның денесінің барлық жүйесіне әсер етеді. Бұл өзгерістер табиғатта бейімделгіш, көп жағдайда қысқа мерзімді және босанғаннан кейін толығымен жоғалады.

Алматының №2 қалалық перинаталдық орталығының акушер-гинекологы Станислав Борисевич жүктілік кезінде әйел денесінде болатын негізгі физиологиялық өзгерістер туралы айтып берді. Жүктіліктің басынан бастап ананың жүрек-қан тамырлары жүйесі ұрықты қанмен және оттегімен қамтамасыз ету үшін қарқынды жұмыс істей бастайды. Қан көлемі артады, бұл жүрекке жүктеменің өсуіне әкеледі. Әйелдің жүрек соғу жиілігі жоғарылап, қан қысымы өзгеруі мүмкін.

Жүктілік кезіндегі тыныс алу жүйесі қарқынды жұмыс істей бастайды. Тыныс алу жиілігі артады. Бұл ана мен ұрық ағзасының оттегіге деген қажеттілігінің артуына, сондай-ақ құрсақ қуысының едәуір кеңістігін алып жатқан жатыр көлемінің ұлғаюына, диафрагманың тыныс алу қозғалысын шектеуге байланысты.

– *Жүктілік кезінде болатын гормоналды өзгерістерге байланысты асқазан мен ішектің жұмысында да өзгерістер алады. Көптеген әйелде ас қорыту проблемалары, іш қату немесе күйдіргі пайда болады. Өзгерістер несеп-жыныс жүйесінде де байқалады. Гормондардың әсерінен бүйрек қарқынды жұмыс істей бастайды, айналымдағы сұйықтық көлемі артады. Бұл дәретханаға жиі баруға әкеледі. Эндокриндік жүйе де айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Жүктілік кезіндегі әйелдің гормоналды фоны да өзгереді. Прогестерон және эстроген сияқты гормондардың деңгейі жоғарылайды, бұл жүктілікті сақтауға және ұрықтың дамуына ықпал етеді,* – дейді дәрігер.

Алайда, ең маңызды өзгерістер жүкті әйелдің жыныс мүшелерінде болатын көрінеді. Бұл өзгерістер әйелдің

жыныстық жүйесін баланы босануға және тамақтандыруға дайындайды.

Жүкті әйелдің жатыры айтарлықтай ұлғаяды. Оның салмағы жүктіліктің басында 50 грамнан жүктіліктің соңында 1200 грамға дейін артады. Жүктіліктің соңына қарай жатыр қуысының көлемі 500 еседен асады!

Жатырдың қанмен қамтамасыз етілуі айтарлықтай артады. Жатыр қабырғаларында бұлшықет талшықтарының саны көбейеді. Жатыр мойны жатыр мойны каналының қуысын бітеп тастайтын қалың шырышпен толтырылады. Фаллопиялық түтіктер мен аналық бездердің мөлшері де ұлғаяды. Аналық бездердің бірінде жүктілікті қолдайтын гормондардың синтезі – «жүктіліктің сары денесі» байқалады.

Сөз соңында Станислав Борисевич әйел денесіндегі физиологиялық өзгерістер кезеңі болашақ ананың денсаулығы мен әл-ауқатына ерекше назар аударуды қажет ететінін баса айтты. Бұл өзгерістерді түсіну дәрігерлер мен жүкті әйелдерге жүктілікті тиімдірек басқаруға және денсаулыққа жағымсыз әсерлерді азайтуға көмектеседі.

Аналар да, олар құрсағында тоғыз ай көтеретін балалар да аман болсын!



ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

«БАЛАЛАРҒА ӨМІР СЫЙЛА»

Алматыда тоғыз балақайға қымбат ота тегін жасалды

Алматы қаласы Балалар жедел медициналық көмек көрсету орталығында бірегей әрі күрделі болып саналатын хирургиялық оталар жасалды. Емдеуге несеп-жыныс жүйесінің әртүрлі туа біткен патологиясы бар балалар шақырылды. Тандалған науқастардың ең кішісі 2 жас 7 айда болса, ең үлкені 16 жаста.



Қазақстанда ота жасау туралы шешім қабылданды. Профессор Имран Муштакқа Астана, Алматы, Қарағанды және көршілес Монғолия, Өзбекстан, Тәжікстаннан келген балалар хирургтары көмекші болды.

«Алматы қаласы Балалар жедел медициналық жәрдем орталығында тамаша


урология бөлімі, жоғары кәсіби дәрігерлер бар, біздің міндетіміз Қазақстанға медициналық технологияларды әкелу болды. «Балаларға өмір сыйла» жобасы диагнозы Қазақстанда емделмейтін балаларға көмек көрсетеді. Кейінгі жылдары біз шетелдік мамандар мен біздің ауруханалардағы қазақстандық дәрігерлердің қатысуымен осындай оталарды жасауға ресурс бағыттап жатырмыз. Бұл бізге тек медициналық технологияларды тасымалдау үшін ғана емес, ең бастысы осындай отбасыларға көмектесуге мүмкіндік береді. Өйткені, бала шетелдік клиникаға барғанда оның ота бөлмесі, жансақтау бөліміндегі емін, дәрі-дәрмек пен басқа да медициналық қызметтердің бәрін біз төлейміз. Ал отаны осында жасағанда, тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында балалар біздің ауруханаларға жатқызылады, бұл емделу құнын айтарлықтай төмендетеді», – дейді «Мейірім» ерікті қоғамының директоры Аружан Саин.

Иә, жуырда аталған орталықта балалар урологтарына арналған «шеберлік сабағы» өтіп, балаларға несеп-жыныс жүйесіне демонстрациялық-реконструктивтік пластикалық оталар жасалды. Осы мақсатта Лондоннан белгілі урологиялық хирургтарының бірі доктор Имран Муштак арнайы шақырылды. Профессор Лондонда шағын инвазивті урологиялық хирургияның пионері әрі қазір Ұлыбританиядағы жетекші лапароскопиялық хирургтардың бірінен саналады. Аталған әлеуметтік жобаның қолдаушысы – «Мейірім» ерікті қоғамы» қоғамдық қоры.

«Гипоспадия синдромы жиі кездеседі, оны тек хирургиялық араласу көмегімен емдеуге болады. Егер ота ерте жаста жасалмаса, баланың есеюі қиынға соғады, зәр шығару кезінде қолайсыздық туады, мұндай диагнозы бар жасөспірімдер үшін ересек өмірге өту қиын. Отаның мұндай түрі бірден нәтижеге бағытталмайды, ол баланың жайлы әлеуметтенуіне жағдай жасап, болашағына әсер етеді», – деп атап өтті профессор Имран Муштак.

Көптеген отбасы шетелде қымбат ота жасау үшін қаражат жинауға көмек сұрап, қайырымдылық ұйымдарына жүгінеді. Гипоспадия (несеп-жыныс жүйесінің ақауы) диагнозы қойылған балаларға бір мезгілде халықаралық «шеберлік сабағын» өткізіп,

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК



Құрт та иісшіл келеді

Кәдімгі құрттар адамның ұйқы безінің қатерлі ісігін ертерек анықтауға көмектеседі, деп хабарлайды Reuters агенттігі.

Жапондық Hirotsu Bio Science технологиялық компаниясы бүгінгі күні осындай технологияға қол жеткізіп отырған көрінеді. Ғалымдардың пайымдауынша, құрттардың иіс сезу қабілеті иісшіл деген иттерден әлдеқайда күштірек. Олар рак клеткаларының иісін сезсе, дереу қаша жөнеледі екен. Сондықтан бұл зерттеу дәрігерлерге үлкен көмек болғалы тұрған секілді.

Аталған компания енді бауыр, жатыр мойны және сүт безі қатерлі ісіктерін анықтау жолдарын іздемек.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Азамат РАЕВ, Алматы қаласы Балалар жедел медициналық көмек көрсету орталығының урология бөлімінің меңгерушісі:

ОЛАР ӘЛІ БАҚЫЛАУЫМЫЗДА БОЛАДЫ

Ота жасалатын науқастарды «Мейірім» ерікті қоғамы қорымен бірге біздің орталықтың дәрігерлері тандады. Операция жасалған баланың бәрі палатаға ауыстырылды, олардың жағдайы тұрақты.

Ота кезінде пластикалық түзету әдісін қолданып, теріні ауыстырдық: тері жамылғылары құлақтың артынан алынады және ұлдарда уретраның анатомиялық дұрыс пішіні жасалады. Біз бірде-бір отандық ауруханада жасалмайтын оталарды тандадық, Қазақстанның әр өңірінен балалар шақырылды. Балалар орталықта мамандардың бақылауында қалады, бұл жағдайда науқас үшін отадан кейінгі күтім, алғашқы оңалту және бақылау өте маңызды.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Мұрагерлік – қайтыс болған адамның мүлкі мен мүлкітік құқықтарының мұрагерге ауысуы. Мұрагерлік өсиет және заң бойынша жүзеге асырылады. Өсиет жазғанда мұра қалдырушы мүлкін бір немесе бірнеше адамға, тұтастай не бір бөлігін ғана қалдыра алады. Мұрагерлік құқық қатынастарының пайда болуының негізі мұра және мұраның бірден-бір критерийі меншік. Алматы мен еліміздің басқа өңірлерінің тұрғындарына осы мұрагерлік ерекшеліктері туралы толығырақ баяндаймыз. Тірісінде барлық мұрасын үлестіру – қайтқаннан кейін туыстар арасында көптеген мәселелердің туындаудың алдын алады.



МҰРАГЕРЛІК ЖАЙЫНДА НЕ БІЛЕМІЗ?

Қазақстан Республикасының Конституциясының 26-бабына сәйкес, ҚР азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады. Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі. Өсиет қалдырылмаған не бүкіл мұраның тағдыры айқындалмаған кезде, сондай-ақ ҚР Азаматтық Кодексте белгіленген өзге де жағдайларда мұрагерлік заң бойынша орын алады. Мұра азаматтың қайтыс болуы немесе оны қайтыс болды деп жариялау салдарынан ашылады. Мұра қалдырушының қайтыс болған күні, ал оны қайтыс болған деп жариялаған кезде, егер сот шешімінде басқа күн көрсетілмесе, азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі күшіне енген күн мұраның ашылу уақыты болып табылады.

Егер бірінен кейін бірі мұрагер болуға құқылы адамдар бір күнде қайтыс болса, олар бір мезгілде қайтыс болған деп танылады және олардың әрқайсысынан кейін мұрагерлік ашылады да олардың әрқайсысының мұрагерлері мұрагерлікке шақырылады. Мұра қалдырушының соңғы тұрған жері, ал егер ол белгісіз болса – мүлкінің немесе оның негізгі бөлігінің орналасқан жері мұраның ашылу орны болып табылады. Мұра ашылған кезде тірі жүрген, сондай-ақ мұра қалдырушының тірі кезінде іште қалған және мұра ашылғаннан кейін тірі туған азаматтар өсиет және заң бойынша мұрагер бола алады.

Мұра ашылғанға дейін құрылған және мұраның ашылу уақытында болған заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекет өсиет бойынша мұрагерлер болуы мүмкін.

Заң бойынша мұрагерлер ҚР Азаматтық Кодексында көзделген кезек тәртібімен мұрагерлікке шақырылады. Заң бойынша мұрагерлік кезінде, бір жағынан, асырап алынған және оның ұрпақтары және екінші жағынан, асырап алушы мен оның туыстары қандас туыстарға теңестіріледі. Асырап алынғандар мен олардың ұрпақтары асырап алынушының туған ата-анасы, оның басқа да қандас туыстары қайтыс болғаннан кейін заң бойынша мұрагер болмайды. Заң бойынша мұрагер болу құқығын бірінші кезекте мұра қалдырушының балалары, оның ішінде ол қайтыс болғаннан кейін тірі туған балалары, сондай-ақ мұра қалдырушының жұбайы (зайыбы) мен ата-анасы тең үлеспен алады.

Егер бірінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын екінші кезекте мұра қалдырушының бір әкесі, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындасары (сінділері), сондай-ақ оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да атасы мен әжесі – тең үлеспен алады.

Егер бірінші және екінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын үшінші кезекте мұра қалдырушының әкесімен бірге туған ағалары мен апалары, нағашы ағалары мен нағашы апалары тең үлеспен алады. Егер бірінші, екінші және үшінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагерлік құқығын мұра қалдырушының алдыңғы кезектердегі мұрагерлеріне жатпайтын, үшінші, төртінші және бесінші туыстық дәрежесіндегі туыстары алады. Туыстық дәрежесі туыстарды бір-бірінен сатылап алшақтататын туу санымен айқындалады. Мұра қалдырушының өзінің дүниеге келуі бұл қатарға жатпайды.

Төртінші кезектегі мұрагерлер ретінде үшінші туыстық дәрежесіндегі туыстар – мұра қалдырушының арғы аталары мен әжелері;

Бесінші кезектегі мұрагерлер ретінде төртінші туыстық дәрежесіндегі туыстар – мұра қалдырушының туған немере іні-қарындасарының, жиендерінің балалары (шөбере іні-қарындасары, жиеншарлары) және оның аталары мен әжелерінің туған аға-інілері мен апа-қарындасары (сінділері);

Алтыншы кезектегі мұрагерлер ретінде бесінші туыстық дәрежесіндегі туыстар – мұра қалдырушының шөбере іні-қарындасарының, жиеншарларының балалары, оның немере аға-інілері мен апа-қарындасарының (сінділерінің) балалары және оның екі атадан

қосылатын аталары мен әжелерінің балалары шақырылады.

Егер алдыңғы кезектердегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша жетінші кезектегі мұрагерлер ретінде мұра қалдырушымен кемінде он жыл бір отбасында тұрған мұра қалдырушының өгей әкесіне не өгей шешесіне еріп келген аға-інілері мен апа-қарындасары (сінділері), өгей ұлдары, өгей қыздары, өгей әкесі және өгей шешесі шақырылады. Мұраны қабылдау мұра ашылған жердегі нотариусқа немесе заңға сәйкес мұра алу құқығы туралы куәлікті беруге уәкілетті лауазымды адамға мұрагердің мұраны қабылдау туралы өтінішін не мұрагердің мұраға құқық туралы куәлік беру туралы өтінішін беру арқылы жүзеге асырылады.

Мұра ашылған жер бойынша нотариус мұрагердің өтінішімен оған мұрагерлікке құқық туралы куәлік беруге міндетті. Мұрагерлікке құқық туралы куәлік мұра ашылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін беріледі. Өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлік кезінде, егер нотариуста куәлік берілуін сұраған адамдардан басқа тиісті мүлікке не бүкіл мұраға қатысты басқа мұрагерлер туралы анық деректер болмаса, куәлік аталған мерзім өткенге дейін де берілуі мүмкін. Мұраға құқық туралы куәлікті беру бойға біткен, бірақ әлі туылмаған мұрагер болған кезде ол туылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

ПРОКУРАТУРА

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС СОТҚА ЖІБЕРІЛДІ

Алматы қалалық Білім басқармасының лауазымды тұлғаларына қатысты тергеп-тексеру аяқталды.

Қала прокуратурасының хабарламасында жетім балалар мен оқушыларға арналған лагерьді ұйымдастыруда жеткізуші компанияны конкурстың жеңімпазы деп таныған бөлім басшысының 12 миллион теңге көлемінде пара алуға әрекеттену дерегіне қатысты қылмыстық істі сотқа жіберді. «Сондай-ақ, қала прокуратурасының нұсқауымен лауазымды тұлғаларды заңда белгіленген жауаптылыққа тарту үшін қала

әкімдігіне қылмыстық құқықбұзушылық жасауға ықпал еткен заңбұзушылықты жою туралы ұсыныс енгізілді», делінген хабарламада.

Бұдан бұрын білім басқармасының мемлекеттік сатып алу бөлімі басшысы ұсталған еді. Сол кезде шенеунік жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, мегаполис мекемелерінің оқушыларына арналған лагерь ұйымдастыруда қызмет көрсетушіден 12 миллион теңгеден аса сомада 10 пайыз көлемінде пара алмақ болды деген күдікке ілінгені хабарланған болатын. Айтарымыз, пара жеткізуші компания конкурстың жеңімпазы деп танылған-тын.

АНТИКОР

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

«Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің бұрынғы басқарма бастығы жемқорлығы үшін сотталды», – деп Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің баспасөз қызметі хабарлады.

8 желтоқсанда Қостанай қаласының №2 соты Алматы қаласы ТЖД басқармасының бұрынғы бастығы, азаматтық қорғаныс подполковнигі А.Жаныспаевқа қатысты үкімін жариялады. Ол кәсіпкерге «қамқорлығы» үшін жалпы көлемі 13 миллион теңгеден астам ақшалай сыйақы алғаны үшін кінәлі деп танылды.

«Жемқорлық – жарға жығады» деген сол. А.Жаныспаев 5 жылға бас бостандығынан айырылып, арнаулы атағынан, сондай-ақ мемлекеттік қызметте өмір бойы қызмет атқару құқығынан айырылды. Үкім заңды күшіне енген жоқ.

Айнабай МӘДИ.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Құқықтық норма – әділет жолы, адам, қоғам, мемлекет мүддесінің үйлестірушісі, заңдылық пен демократияның даму негізі. Әсіресе, Алматы сынды алып шаһардың тұрғындары күнделікті өмірде көптеген заңсыздықтардың куәсі болуы мүмкін.



ЗАҢДЫ БІЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Осыған орай, Мемлекет басшысы Жолдауында Қазақстанның өркендеуі, гүлденуі, дүние жүзінде алдыңғы қатарлы мемлекет санатында көрінуі үшін құқықтық сауаттылықты, тәрбиені, сананы жетілдіру қажеттілігіне басты назар аударылғаны баршаға белгілі. Өйткені, еліміздің әрбір азаматты өз құқығын, бостандығын, міндеттерін білуі тиіс. Әрбір азамат құқық нормаларын, заңдылық талаптарын берік ұстануы керек. Сонда ғана мемлекетіміз саяси, экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан дамып, тәртіп нығаяды.

Қазіргі заман адамдарға жаңа талаптар қоюмен ерекшеленеді, себебі Қазақстанның даму деңгейі қоғам өмірінің барлық саласына терең өзгерістер енгізуде. Елеулі өзгерістердің бірі – демократиялық-құқықтық мемлекет құру. Сол себептен, қазіргі заман тұлғасы сана-сезімі жоғары, өз іс-әрекетіне жауапты, әлеуметтік өзгерістерге тез бейімделе алатын, өз шешімін қабылдай алатын азамат болуы тиіс. Сонымен

қатар, еліміз болашақта өзін зайырлы, құқықтық, демократиялық мемлекет ретінде орнықтыруды мақсат етіп отыр. Бұл мақсатты жүзеге асырудың тетігі жастар екендігі белгілі. Сондықтан жастардың құқықтық білімі мен тәрбиесін жетілдіруге бағытталған шаралар қажет.

Әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан хабардар болғаны дұрыс. Сонымен қатар, қоғамда болып жатқан әрекеттердің заңға қарама-қайшылығын немесе сәйкестігін сараптай алуы оның құқықтық сауаттылығымен тікелей байланыстылығын аңғартады. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан заңды білу – заман талабы.

Құрметті алматылықтар, өз құқықтарыңызды біліп, «заң білмеу – жауапкершіліктен босатылмайтынын» ескеріңіздер!

**Бетгі әзірлеген
Мәншүк БЕКБОСЫН.**



КӨШІ-ҚОН

АССАЛАУМАҒАЛЕЙКУМ,
АҒАЙЫН!Биыл жыл басынан бері қанша этникалық
қазақ қандас мәртебесін алды?**2023 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 19 476 этникалық қазақ тарихи Отанымен табысып, бауырларымыз қандас мәртебесін алды. Жалпы, 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 126,5 мың этникалық қазақ оралды.**

ҚР ЕХӘҚМ баспасөз қызметі хабарлағандай, жыл басынан Қазақстанға оралған қандастардың жартысы Өзбекстаннан (51,9%), қалғандары Қытайдан (19,6%), Монғолиядан (10,8%), Түркіменстаннан (8,5%), Ресейден (7,2%) және 2%-ы басқа елдерден келген.

Осы жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны – 60,5%-ды, еңбекке қабілетті жасқа жетпегендер – 30,9%-ды және зейнеткерлер – 8,6%-ды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 15,3%-ы жоғары білімді, 33,6%-ы орта кәсіби білімді, 42,8%-ы жалпы орта білімді, ал, 8,3%-ының білім жоқ.

Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанды. Оларды қоныстандыру үшін еңбек күші тапшы өңірлер анықталды. Олар – Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары.

Қоныстандыру өңірлерінде 2023 жылға арналған қандастарды қабылдау квотасы 2337 адамды құрайды. 2023 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша қоныстандыру өңірлеріне 2053 қандас қоныс аударды.

ЕЛ НАРЫҒЫНДАҒЫ ЕҢБЕК МИГРАНТТАРЫ

Қазақстанда қанша шетел азаматы жұмыс істейді?

2023 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдардың рұқсатымен Қазақстан аумағында 13 870 шетел азаматы еңбек етеді.

ҚР ЕХӘҚМ баспасөз қызметі жариялаған мәліметтерге сүйенсек, шетел жұмыс күшін (бұдан әрі – ШЖК) тартуға рұқсаттардың арасында мынадай санаттар бар: басшылар мен олардың орынбасарлары үшін 374 рұқсат (бірінші санат), құрылымдық бөлімшелердің басшылары үшін 2742 рұқсат (екінші санат). Тартылған ШЖК негізгі бөлігі үшінші (мамандар) және төртінші (білікті жұмысшылар) санаттарға жатады – тиісінше олар 6124 және 637 адам. Сондай-ақ, маусымдық жұмыстарға 2183 адам, ал корпоративтік ауыстыру аясында 1810 адам тартылды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда шетелдерден келген жұмыс күшін пайдаланатын

Жоғарыда аталған өңірлерде қоныстанған қандастарға көшуге субсидия түрінде мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады – бір мезгілде отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (241,5 мың теңге) мөлшерінде; тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге – бір жыл ішінде 15-тен 30 АЕК (51,7-ден 103,5 мың теңгеге дейін) мөлшерінде.

Жыл басынан бері 1630 қандасқа түрлі қолдау шаралары көрсетілді. Атап айтқанда, 614 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды, 1630 адам біржолғы субсидия алды, ал 513 қандасқа тұрғын үй шығындары субсидияланды.

Сонымен қатар, ерікті қоныс аударудың тиімділігін арттыру мақсатында азаматтарды солтүстік өңірлерге қоныс аударуға қатысатын жұмыс берушілерді қолдау бойынша институционалдық шаралар қабылданды. Тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін экономикалық ұтқырлық сертификаты тұрғын үй құнының 50%-ы немесе бір отбасына 4 млн теңгеге дейін мөлшерінде біржолғы өтеусіз және қайтарымсыз негізде енгізілді.

• **Естеріңізге сала кетейік, осы жылы пилоттық режимде Қазақстан елшіліктері арқылы «бір терезе» қағидаты бойынша қандас мәртебесін беру тетігі іске асырылды. Пилоттық жоба шеңберінде елімізге бару, жұмыс орны, тұрғын үй беру мүмкіндіктері туралы мәселені шешуге және республика аумағына кірмей-ақ қандас мәртебесін алуға болады. Бүгінгі таңда республиканың шетелдердегі мекемелері арқылы этникалық қазақтардан жаңа форматта 2058 өтініш (690 отбасы) қабылданды.**

1690 жұмыс беруші бар. Оларда 464 мыңнан астам Қазақстан азаматы жұмыс істейді, бұл қызметкерлердің жалпы санының 97%-ы.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша ең көп жұмыс істейтіндер құрылыс саласында – 3460 адам (24,9%), ауыл, орман және балық шаруашылығы – 1649 адам (11,8%), өңдеу өнеркәсібі – 1300 адам (9,3%), тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу – 1266 адам (9,1%), кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет – 782 адам (5,6%).

Еңбек мигранттары келетін негізгі елдер: Қытай – 4131 адам (29,7%), Үндістан – 1281 адам (9,2%), Түркия – 1249 адам (9%), Өзбекстан – 969 адам (6,9%).

• **Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын республикаға шетел мамандарын тартуға квота белгілейді және бөледі. 2023 жылы жалпы квота республикадағы жұмыс күшінің санына қатысты 0,24% немесе 22 260 бірлік мөлшерінде белгіленді.**

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

Өзі тым қарапайым. Еңбекқор. Ұстамды. Артық сөзі жоқ. Достыққа адал. Бұл – біздің Берік. Әріптесіміз журналистикадағы еңбек жолын «Алматы ақшамы» газетінен бастады. Ақиқаты, төртінші, бесінші курста оқып жүріп газетте жұмыс істеу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Еңбек жолындағы алғашқы баспалдақ болған «Алматы ақшамы» Берік үшін қашан да ыстық...

БЕКЗАТ СӨЗДІҢ
БЕРЕНІЖурналистикадағы еңбек жолын «Алматы ақшамы»
газетінен бастаған әріптесіміз Берік Бейсенұлы жайлы
бір үзік сыр

Талай дарабоз қаламгерге тәлім мектебі болған «Лениншіл жас» газетінің киелі табалдырығын оқу бітірген 1991 жылы аттаған Берік Бейсенұлы ұжыммен тез сіңісті. Ол жұмысын қазақ журналистикасының ұстаханасы аталған «Лениншіл жас» газетінің шығармашылық көрігін қыздыратын ошағы – хатшылық (секретариат) бөлімінен бастады.

Компьютер дегеннің өзі түгілі, ісі де жоқ заман. Газетке басылатын мақалалар қорғасынға құйылып, қолдан қатталады. Макет сызу, оны басшылыққа мақұлдату, мақұлданған макет бойынша қорғасынмен бетті қаттау, қатесін шығарып, оны түзету, тағы да толып жатқан жұмыстармен күн сайын ала таңнан басталған бейнетті тіршілік түннің бір уағында аяқталатын. Одан бөлек, хатшылықтағы жұмыс үлкен жауапкершілікті, сергек ақыл мен сауаттылықты қажет ететіні белгілі. Газет макетін қалыптастырушы секретариат журналисті мақаланы орналастыру мен суреттермен безендіруден бөлек, басылымның ертеңгі саны қалай көрінуі мүмкін екенін алдын ала елестете алмаса, онда бүкіл редакция журналистерінің жұмысы зая кеткені. Тіпті, ең керемет деген мақаланың өзі жақсы оқылуы үшін дұрыс орналастыру мен оны безендіре білу, лайықты шрифт таңдаудың өзі журналистік сезімталдықты қажет етеді. Осы қасиеттің бәрі бойынан табылған Берік хатшылықта «от пен шоқтың» арасында тез ширады, шыңдалды, қаламгер ретінде адымы ашылды.

Бұл – ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары еді. Кеңес өкіметі құлап, одақтас елдер өз тәуелсіздігін жариялап, бұрынғы экономикалық байланыстар үзілген, әр ел өз бетінше жаңа бағыт ұстанған, қиын әрі тарихи кезең болатын. Осы сәтте біз Берікпен қаламызды қолдан түспей экономика, саясат, ақпарат, әлеуметтік ахуал тақырыбындағы мақалаларды қарша боратқан қанды-көйлек жолдас болдық. Сөйтіп, «Жас Алашқа» он жыл, «Айқын» газетінде тағы да бес жыл бірге жұмыс істедік.

Берік әу баста жазуды хатшылықта жүріп-ақ спорт тақырыбына қалам тербеуден бастады. Бұл тәжірибесі кейін басылымның спорт бөлімін басқарғанда бөлім жұмысын ұршықтай үйіріп әкетуіне көп оң ықпал еткені анық. Ол спорт тақырыбымен шектеліп қалған жоқ. 1991–2001 жылдар арасындағы он жыл ішінде Берік ақпарат, саясат, экономика бөлімдерінде тілші, кейін осы бөлімдердің басшысы қызметін атқарды.

Ақпаратқа аз сөзге көп мәлімет сыйғыза білуді өзі меңгерген, осы талапты бөлім журналистеріне де қоя алуға машықтанған Берік редакторлық шеберлігін таныта білді. Тумысынан қызыл сөзге әуестігі жоқ, нені болса да қысқа қайырып, ойын анық жеткізетін Берік үшін ақпарат бөлімін басқару қиынға түскен жоқ. Ал экономика, саясат бөлімдерінің табиғаты басқа екені белгілі. Ол жерде терең талдау, сапалы саясат жібін қалт жібермей ұстану қажет. Үндемей жүріп үйдей іс тындыратын Берік екі сала-

ның қалтарыс-бұлтарыстарын терең зерделей алатынынан бөлек, елдің басты мұң-мұқтажын, көкейіндегі арман, мүддесін шынайы сезіне білетін ұлтшыл рухымен, журналистік сезімталдығымен оқырман жүрегін тез баурады. Осылайша жұртқа қажетті тақырыпты екшей білетін редактор және қандай тақырыпты қозғаса да жалаң сөз, жарқ етпе сенсацияшылдық тұрғыдан емес, әр сөзін нақты дерекпен, фактімен көмкеретін шебер журналист ретінде ол еліміздегі белді-белді төрт республикалық басылымда бас редактордың орынбасары қызметін атқарды.

Нақтырақ айтқанда, «Қазақстан» (2001-2002), «Қазақ үні» (2003-2004), «Айқын» (2007–2017) газеттерінде және 2021 жылдан бастап бүгінге дейін «Ана тілі» газеті бас редакторының орынбасары қызметін, сондай-ақ елімізге танымал «Қамшы.kz» ақпарат агенттігінің бас редакторы (2018-2019), «Қазақ газеттері» ЖШС Kazgazeta.kz ақпараттық порталының бас редакторы (2019–2021) қызметін абыроймен атқарды.

Журналистикадағы 30 жылдан астам төккен тер, еткен еңбегі еленіп, Берік Бейсенұлы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталды, Қазақстанның мәдениет қайраткері, «Ақпарат саласының үздігі» медалінің, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» медалінің иегері атанды.

Біздің Бекең аты мәшһүр журналист, қарымды қаламгер ғана емес, ағаға іні, ініге қамқор бола білетін ұстаз. Баспасөздегі отыз жылдан астам уақыт ішінде оның алдынан көптеген жас журналистер ысылып, сақа сайыпқыранға айналды. Қарапайым әрі сабырлы мінезімен дос көңілін баурап алатын Бекеңнің азаматтығы мен адамгершілігі бір төбе.

Ол тау қопарып жатса да өзі туралы мақтан сөз айтпайды. Оның кім екенін жұмысқа деген жауапкершілігінен, жан-кештілігі мен әріптестеріне деген мәрттігінен, азаматтығынан танысыз.

Қазақ журналистикасында өз орны бар көркемсөз шебері, ел таныған қаламгер, сөз қадірін түсірмей, ақиқатты ақылмен өлшемдей алатын, сөзі нәрлі, пікірі құнды майталман журналист Берік Бейсенұлы 60-тың аскарына шығып жатыр екен. Жігіт ағасы жасына дейін елдің жоғын жоқтап, мұқтажын түгендеп, ел мүддесі үшін қалам тербеген Бекең енді қоржынына мол рухани қазына жинаған қаламгер ретінде нағыз рухты дүниелер тудыратын кезеңге аяқ басқаны анық. Олай дейтінім, Бекең тек елге танымал журналист, публицист қана емес, «20 жыл айтылмаған ақиқат», «Қалам мен ғалам» атты кітаптардың авторы, әркез жыр шумақтарымен көңіл тербететін жақсы ақын.

Бекзат сөздің берені Берік мырза осы жорғасынан таймаса, талмас еңбектің қараторысы, журналист Берікті әдебиет әлеміндегі биігінен танитын, оның шығармаларын іздеп, тамсана оқитын күн де алыс емес...

Әділбек ҚАБА.



КЕЗДЕСУ

ЖЕЛТОҚСАНДЫҚТАРҒА ҚҰРМЕТ

Алмалы ауданының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы тағылымды кеш ұйымдастырды

Тәуелсіздік күні мерекесін Алмалы ауданының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы ерекше атап өтті. Аты айтып тұрғандай, аталмыш орталықтың қатысушылары да өте белсенді. Ұлық мерекеде орталық басшылығының ұйытқы болуымен «Жүректе намыс оты лапылдаған» атты кездесу кеші ұйымдастырылды. Алдымен кеш қонақтары мен орталық мүшелері Желтоқсан көтерілісіне арналған «Тағзым» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тәу етті.



Орталықтың белсенді қатысушылары Желтоқсан көтерілісіне қатысқан Болат Шарахымбай, Бекболат Нүкіжанов, Гүлмира Нүкіжанова, Мәрзия Болатова, Рашида Жексенбаевамен кездесті. Алдымен еліміздің Әнұраны, сосын «Күміс-ай» хоры Әбиірбек Тінәлиевтің «Желтоқсан желі» әні орындалды. Қонақтар жүректе сызы қалған желтоқсан туралы естеліктер айтып, осы жолда құрбан болған боздақтарды үнсіздікпен еске алды.

Орталық басшылығы зейнетке шықса да қарап отырмай, қала өміріне белсене атсалысып жүрген ардагерлердің өнегелі істерімен таныстырды. Осынау орталықтың өнерпаздары да кеш қонақтарына өз өнерлерін тарту етті. Орталықтың әншілері Жайлы Жасаулова «Кең дала» әнін, Роза Әбдімәдиева «Көк тудың желбірегені», Венера Мұратова «Туған жер» әнін орындады. «Шашу» би тобы «Ата толғауы» биін, «Адажио» би тобы «Нәзіктік» биін биледі. Көркем сөздің шебері Рахима Мендібекова «Жүректе намыс оты лапылдаған» өлеңін оқыды.

Кеш қонағы, акын Болат Шарахымбай өзінің тәуелсіздікке арнаған жырын оқып, кездесу кешін ұйымдастырғандарға алғысын білдірді. Бұл күні Орталық қызметкерлері желтоқсаншы Күлімхан Өскенбаеваны үйіне барып құттықтап қайтты.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

БАСПАСӨЗ – 2024

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе almaty.aqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін **post.kz** сайты мен мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Almaty Aqparat» ЖШС.

almaty.aqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Апталық таралымы – 28 412

Кезекші редактор –

Естай БОЖАН

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№KZ80VPY00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның

компьютер орталығында теріліп,

беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы қаласы,

Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«КИІКТІҢ МАТАУЫ»

Бұл амалдың адуынды аязы, бұрқасынды бораны бар...

Өткен жолғы пайымдамада жазғанымыздай, 7–14 желтоқсан аралығында алматылықтар бір күн қар, бір күн жаңбырдан көз ашпады. Әсіресе, желдінің (желтоқсанның) 8-9-ы аралығында толассыз жауған қар қалалықтардың есінде ұзақ сақталатын шығар. Қалыңдығы 20–25 сантиметр ақ ұлпа қала көшелерін, ағаштарды түгел жауып, бұркеп тастады. Алдында жауған жаңбырмен араласып, соңы көк мұз бен ызғарға айналды. Біраздан бері қалың қар болмағандықтан әрі жылылыққа бойы үйреніп қалған алматылықтарды сол ызғар бүрсең қаққызды.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Осы айдың 20-сынан Сірне амалы табалдырықтан аттады. Ол желдінің (желтоқсанның) 25-іне дейін жалғасады. Өткен жолы сөз еткен «Киіктің матауы» (бұрқағы) амалы да жүріп жатыр. Ол желтоқсанның 29-ына дейін созылады. Желтоқсанның соңғы онкүндігінде қазақ даласын қамтыған боранды бұрқасын киіктердің шағылысу әрекетіне орай «теке бұркылдақ» амалы деп те аталған.

Желтоқсан жайында ел аузында жүрген түрлі деректер, алыпқашпа сөздер бар. Желтоқсан жыл мезгілінің соңғы, қыстың алғашқы айы. Бұрынғы бабалар желтоқсанды «жел айы», «тоқсан айы» деп атаған. Ал қазір желтоқсанды «мандарин айы» деп атаушылар да жоқ емес. Дәл осы айда әлемнің көптеген еліне Марокко мемлекетінен соңғы піскен мандариннің жаңа легі жөнелтіледі. Сауда министрі Арман Шаққалиев Астанада өткен брифингте «Жаңа жыл қарсаңында азық-түлік қымбаттай ма?» деген сұраққа жауап бере келіп, «...Жаңажылдық қоржынға қатысты дастарханның баға индексіне сай белгілі бір болжам бар. Біз шартты түрде 37-ге жуық тауарды алдық. Кейбір позицияда белгілі бір өзгеріс бар. Мысалы, жұмсақ



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғи көріністер бойынша жасалған жорамал

Қыста:

- * Қыс қатты болатын болса, тиін ұясын төмен жерге, жылы болса, жоғарыға жасайды.
- * Күн құлақтанса, қатты аяз болады.
- * Түйе ернін жыбырлатып, жылқы мезгіл-мезгіл оқыранса, көктем ерте басталады.
- * Киік басқа жакқа ауа бастаса, сол жерде ұзамай қатты боран соғады.
- * Кемпірқосақ көрінсе, жыл берекелі, жайлы, мал төлді, егін, шөп шығымды, қуаныш көп болады.

қаптамадағы сүт, мандарин, шампан сияқты», – деді министр (Zakon.kz).

Қазаққа Тәуелсіздікті әкелген дәл осы желтоқсан. Енді бір күннен кейін, желтоқсанның 22-сіне күн мен түн теңеледі. Мұны қысқы тоқырау дейді. Жылдың ең қысқа күні бұл. Осыдан бастап күн ұзара бастайды. Бабалар «енді жарық молаяды, өріс ұлғаяды, көген кеңейеді» деп бөріктерін аспанға атып қуанған...


Осы орайда, маусымдық күн ұзақтығы мен теңелу және тоқырау күндерін оқырманның есіне сала кетпекпін. Көктем 92,8 күн, жаз 93,6 күн, күз 89,8 күн, қыс 89 күн (кібісе жылдары 90).

21 наурыз – күн мен түннің жазғытұрғы теңелу күні, 23 қыркүйек – күн мен түннің күзгі теңелу күні.

22 маусым – жазғы тоқырау күні, 22 желтоқсан – қысқы тоқырау күні.

Бүгін григорианша айдың 21-і, ай бойынша, 8-і, ал қазақы есепке сүйенсек, айдың 8-і. Алдағы апта (14–21 желтоқсан аралығы) айдың басы мен соңына сәйкес келіп тұр. Айдың бұл кезеңдері жайбарақат өтпейтіні белгілі. Демек, алдағы аптада ауа райы тұрақсыз болады. Аспан денелерінің білдіруінше, жауын-шашын болғанымен күн айтарлықтай суытпайды, бұрынғы қалпын сақтайды.

МӘДЕНИЕТ

АЛМАТЫ
МУЗЕЙЛЕРІтарих пен мәдениеттің
бірегей қоймасы

Биыл мегаполис музейлеріне келушілер саны екі есе өсті. Алматы музейлері кіру билетін сатудан 60 миллион теңгеден астам ақша тауып, жоспарды 200%-ға асыра орындады. Бұл туралы Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев мәлімдеді.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Өткен жылы өнер сүйер қауым үшін 73 көрме ұйымдастырылып, оған 125 230 адам қатысты. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда, екі есе көп. Билет бағасы 250 теңгеден және одан жоғары, бұл ретте балаларға, зейнеткерлер мен студенттерге жеңілдіктер бар. Қала музейлері халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытуда: халықаралық ұйымдармен 15 меморандумға қол қойылды, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жерлерде көрмелер өткізілді.

Қала басшылығының қолдауымен музей қызметкерлерінің жалақысын 30%-ға көтеру маңызды жетістік болды. Сонымен қатар, қызметкерлер ғылыми конференцияларға қатысып, Францияның жетекші мұражайларында оқыды.

Алматыда бүгінде 8 музей жұмыс істейді, олардың әрқайсысы тарих пен мәдениеттің бірегей қоймасы болып табылады.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

EUR/KZT 501,01 теңге



USD/KZT 458,00 теңге



RUB/KZT 5,08 теңге



CNY/KZT 64,13 теңге